

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН
БОЛЬШЕВИГІ

№ 4 — 5

АПРЕЛЬ — МАЙ

1945

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ

ЖОҒАРҒЫ БАС КОЛБАСШЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

1945 жылғы 1 май

№ 20

Москва қаласы

Жолдастар, армия мен флоттың қызыләскерлері мен қызылфлотшылары, сержанттары мен старшиналары, офицерлері, генералдар мен адмиралдар!

Советтер Одағының еңбекшілері!

Бүгін еліміз еңбекшілердің халықаралық мейрамы — Бірінші майды мерекелейді.

Быйылғы жылы Отанымыздың халықтары Бірінші май күнін Ұлы Отан соғысын жеңімпаздықпен аяқтау жағдайында қарсы алып отыр.

Қызыл Армия Москва мен Ленинград түбінде, Грозный мен Сталинград түбінде жаудың әскерлеріне тойтарыс берген уақыттағы ауыр кезеңдер өткен іске айналды және ол енді қайтып оралмақ емес. Қазір біздің жеңімпаз әскерлеріміз жаудың қарулы күштерін Германияның орталығында, Берлиннің аржағында әлде қайда қашықта, Эльба өзені бойында талқандап жатыр.

Аз уақыттың ішінде Польша, Венгрия, Чехословакияның көп бөлегі, Австрияның едәуір жері, Австрия астанасы — Вена азат етілді.

Оның бержағында Қызыл Армия неміс империализмінің ұясы — Шығыс Пруссияны, Померанияны, Бранденбургтің көп бөлегін және Германияның астанасы — Берлиннің басты-басты аудандарын алып, Берлин үстіне жеңіс туын тікті.

Қызыл Армияның осы шабуыл ұрыстарының нәтижесінде немістер үш-төрт айдың ішінде қолға түскен 800 мыңнан аса солдаты мен офицерінен айырылды және миллиондай адамынан өлідей айырылды. Бұл уақыттың ішінде Қызыл Армияның бөлімдері жаудың 6000 га жуық самолетін, 12000га жуық танкін және өздігінен жүретін зеңбірегін, 23000-нан аса дала зеңбірегін және қару-жарақ пен соғыс-жабдықтарының ораман көп басқа да түрлерін қолға түсірді, жойды.

Бұл ұрыстарда Қызыл Армиямен бірге қоянқолтық қыймыл жасай отырып, поляк, югослав, чехословак, болгар және румын дивизияларының ортақ жауға қарсы айдағыдай шабуыл жүргізгенін атап айту керек болады.

Қызыл Армияның күйрете берген сокқыларының нәтижесінде неміс командованиесі басқа майдандарда бүтіндей учаскелерін әскерсіз қалдырып, совет-герман майданына ондаған дивизияларын әкелуге мәжбүр болды. Бұл жағдай біздің одақтастарымыздың әскерлерінің батыста шабуылды ойдағыдай өрістетугіне көмек болды. Оның бер жағында неміс әскерлеріне шығыстан және батыстан бір мезгілде қабат сокқы бере отырып, одақтастардың әскерлері мен Қызыл Армия неміс әскерлерін бірінен бірі аулақ қалған екі топқа бөліп тастады, сөйтіп, біздің және одақтастардың әскерлерінің бірыңғай майданға ұштасуын іске асырды.

Бұл жағдай Гитлер Германиясының біржолата күйрейтінін көрсетіп отырғанына күмән болмауға тиіс.

Гитлер Германиясының күні санаулы. Оның жерінің жартысынан көбін Қызыл Армия және біздің одақтастардың әскерлері алды. Германия тіршілігіне тұтқа болған аса маңызды аудандарынан айырылды. Гитлершілдердің қолында қалып отырған өнеркәсіп неміс армиясын қару-жаракпен, ок-дәрімен және жанар маймен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алмайды. Неміс армиясының адам қоры сарқылды. Егер одақтасы Жапонияны есептемесек, Германия елден ерек, жалғыз қалдырылып отыр.

Өзінің үмітсіз жағдайынан шығатын жол іздеп, гитлершіл сойқаншылар неше түрлі айла істеп, одақтастар алдында сайқалдық жасауға дейін барып, одақтастардың тобында алауыздық туғызуға тырысуда. Гитлершілдердің бұл алаяқтық жаңа әрекеттерінен түк шықпақ емес. Бұл әрекеттер қайта неміс әскерлерінің күйреуін тездете түседі.

Фашистік жалғаншы пропаганда Біріккен Ұлттардың армиялары герман халқын қыруды көздейді-міс деген сандырақпен неміс халқын шошытуда. Біріккен Ұлттар герман халқын жою мақсатын көздемейді. Біріккен Ұлттар фашизм мен герман милитаризмін жояды, соғыс қылмыстыларын қатты жазалайды, сөйтіп, басқа елдерге келтірген зыяндарын немістердің өздеріне төлеттіреді. Ал, егерде Германияның бейбіт халқы одақтастардың әскери өкмет орындарының талабын шын ниетімен орындап отырса, онда Біріккен Ұлттар оларға тимейді және тимек емес.

Ұлы Отан соғысында совет әскерлерінің қолы жеткен тамаша жеңістер Қызыл Армияның батырлық қуатын және оның әскери шеберлігінің жоғары екенін көрсетті. Біздің Отанымыз соғыс үстінде халқымыздың социалистік ұлы жеңістерін қорғау қолынан келетін және Советтер Одағының мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ететін ысылған ең тамаша армияға ие болды.

Советтер Одағы төрт жылға жақын уақыттан бері көлемі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген, орасан көп шығынды керек ететін соғыс жүргізіп келе жатқанына қарамастан, біздің социалистік экономикамыз нығаюда және өсуде, ал, азат етілген, неміс басқыншылар тонап, ойрандаған облыстардың шаруашылығы ойдағыдай және тез өркендеп, қалпына келуде. Бұл — ұлы большевиктер партиясы дем беріп, бағыт сілтеп отырған еліміздің жұмысшылары мен колхозшыларының, совет интеллигенциясының, әйелдері мен жастарының ерлік қайрат-жігерінің нәтижесі.

Герман империалистері өршіткен дүние жүзілік соғыс аяқталуға жақындап келеді. Гитлер Германиясының күйреуі — ең таяу уақытта болатын іс. Дүние жүзіне қожа боламыз деп дандайсыған гитлершіл бұзақылар, ақырында, бәрінен жұрдай болды. Өлімші болып жараланған фашистік айуан ең ақырғы тынысы бітер жеріне жетіп отыр. Ендігі міндет біреу — ол фашистік айуанды біржолата тұншықтыру.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ МЕН СОҒЫС-ТЕНІЗ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ!

Гитлершіл айуанның үңгіріне ақырғы шабуыл жасалып жатыр. Ақырғы ұрыстарда әскери шеберліктің, батырлықтың жаңа үлгілерін көрсетіңдер. Жауға соққыны батыра түсіңдер, оның қорғану бекіністерін шеберлікпен талқандаңдар, неміс басқыншыларды өкшелеп қуып, қоршап ала беріңдер, қашан қарсыласуын тоқтатқанға дейін оларға тыныс бермеңдер.

Туған жерден сыртта жүргенде ерекше қырағы болыңдар!
Совет жауынгерлерінің ар-намысы мен атағын бұрынғыша жоғары ұстандар!

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНЫҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ!

Арымай-талмай, қажырлы еңбек етіп, майданға көмекті барлық жағынан еселеп беріңдер. Елімізге соғыс түсірген жараны тезірек жазыңдар. Советтік мемлекетіміздің қуатын бұрынғыдан да арттыра беріңдер!

Жолдастар, армия мен флоттың қызыләскерлері мен қызылфлотшылары, сержанттары мен старшиналары, офицерлері, генералдар мен адмиралдар!

Советтер Одағының еңбекшілері!

Совет Үкметі мен біздің большевиктік партия атынан Сіздерді 1 май күнімен құттықтап, сәлемімді жолдаймын!

Қызыл Армияның майдандағы тарихи жеңістерінің және жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның тылдағы ұлы табыстарының хұрметіне, еңбекшілердің халықаралық мерекесінің хұрметіне —

бұйырамын:

Бүгін, 1 майда, Одактас Республикалардың астаналарында: Москвада, Киевте, Минскіде, Бакуде, Тбилисиде, Ереванда, Ашхабадта, Ташкентте, Сталинабадта, Алматыда, Фрунзеде, Петрозаводскіде, Кишеневте, Вильнюсте, Ригада, Таллинде, сонымен қатар қаһарман қалаларда: Ленинградта, Сталинградта, Севастополь мен Одессада жыйырма дүркін артиллерия оғы атылып, салют берілсін.

Айбынды Советтік Отанымыз жасасын!

Жеңген халық — ұлы совет халқы жасасын!

Жеңімпаз Қызыл Армия мен Соғыс-теніз Флоты жасасын!

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Гитлер германиясын біржолата талқандау үшін алға баса берейік!

*Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы*

И. СТАЛИН

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ӘСКЕРЛЕРІ МЕН СОҒЫС-ТЕНІЗ ФЛОТЫНА

Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВТЫҢ басқаруындағы 1-БЕЛОРУС майданының әскерлері Советтер Одағының Маршалы КОНЕВТИҢ басқаруындағы 1-УКРАИН майданы әскерлерінің көмегімен, көшелердегі қатты ұрыстардан кейін немістердің Берлиндегі әскер тобын талқандауды аяқтап, бүгін, 2 майда, Германияның астанасы, неміс империализмінің орталығы және неміс шапқыншылығының ордасы БЕРЛИН қаласын алды.

Қаланы қорғаған Берлин гарнизоны Берлинді қорғау начальнигі артиллерия генералы ВЕЙДЛИНГ пен және оның штабымен бірге, бүгін, 15 сағатта, қарсылықты тоқтатып, қаруларын тапсырып, қолға берілді.

2 май күнгі 21 сағатқа дейін әскерлеріміз БЕРЛИН қаласында немістердің 70 мыңнан аса солдаты мен офицерін қолға түсірді.

БЕРЛИНДІ алу ұрыстарында армия генералы СОКОЛОВСКИЙДИҢ, генерал-полковник КУЗНЕЦОВТЫҢ, генерал-полковник ЧУЙКОВТЫҢ, генерал-полковник БЕРЗАРИННИҢ, генерал-лейтенант ЛУЧИНСКИЙДИҢ, генерал-лейтенант ПЕРХОРОВИЧТИҢ, генерал-лейтенант ЛУКЬЯНЧЕНКОНЫҢ, генерал-полковник ЧЕРЕВИЧЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант ҚАЗАНКИННИҢ, генерал-лейтенант ГЛАЗУНОВТЫҢ, генерал-лейтенант РЫЖОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЖЕРЕВИННЫҢ, генерал-лейтенант РОСЛЫЙДЫҢ, генерал-лейтенант ТЕРЕШКОВТЫҢ, генерал-лейтенант АНДРЕЕВТИҢ, генерал-майор БУКШТЫНОВИЧТИҢ, генерал-майор БЕЛЯВСКИЙДИҢ, генерал-майор КУШЕВТИҢ, генерал-майор БАРИНОВТЫҢ, генерал-майор ПЕРЕВЕРТКИННИҢ, генерал-майор РОГАЧЕВСКИЙДИҢ, генерал-майор БАТИЦКИЙДИҢ, генерал-майор ШВАРЕВТИҢ, генерал-майор ФИРСОВТИҢ, артиллерия генерал-майоры ХЕТАГУРОВТЫҢ, генерал-майор ШАТИЛОВТЫҢ, генерал-майор ШАФАРЕНКОНЫҢ, генерал-майор СМИРНОВТЫҢ, генерал-майор КОЗИННИҢ, генерал-майор КАРАПЕТЯННИҢ, генерал-майор КРАСИЛЬНИКОВТЫҢ, генерал-майор ШУГАЕВТЫҢ, генерал-майор ЗАЛИЮКТИҢ, генерал-майор СТАНКЕВСКИЙДИҢ, генерал-майор ПАНКОВТЫҢ, генерал-майор ГЛЕБОВТЫҢ, генерал-майор БАКАНОВТЫҢ, генерал-майор ЛУКАНЫҢ, генерал-майор СЕРЮГИННИҢ, генерал-майор ГАСПАРЯННИҢ, генерал-майор СОКОЛОВТЫҢ, генерал-майор ДОРОФЕЕВТИҢ, генерал-майор СЫЗРАНОВТЫҢ, генерал-майор ГАЛАЙДЫҢ, генерал-майор ШКРЫЛЕВТИҢ, генерал-майор САФАРЯННИҢ, генерал-майор ЗЫДРИГАНЫҢ, генерал-майор БЕВЗЮКТИҢ, генерал-майор МЫШКИННИҢ, генерал-майор КОРЧИКОВТЫҢ, генерал-майор ТУРЧИНСКИЙДИҢ, генерал-майор ВЕХИННИҢ, полковник АНТОНОВТЫҢ, полковник ИВАНОВТЫҢ, полковник ГЕРВАСИЕВТИҢ, полковник СОЛОВЬЕВТИҢ, полковник ШИШКОВТЫҢ, генерал-майор ФОМИЧЕНКОНЫҢ, полковник СМОЛИННИҢ, полковник ВОРОБЬЕВТИҢ, полковник МАРЧЕНКОНЫҢ, полковник НЕГОДАНЫҢ, полковник АСАФОВТЫҢ, полковник ШАЦКОВТЫҢ, полковник РЫБАЛКАНЫҢ әскерлері; танк әскерінің генерал-полковнигі БОГДАНОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-полковнигі КАТУКОВТЫҢ, генерал-полковник РЫБАЛКОНЫҢ, генерал-полковник ЛЕЛЮШЕНКОНЫҢ, танк әскерінің генерал-полковнигі НОВИКОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-лейтенанты ОРЕЛДИҢ, генерал-лейтенант РАДЗИЕВСКИЙДИҢ, танк әскерінің генерал-лейтенанты КРИВОШЕЙННИҢ, танк әскерінің генерал-лей-

тенанты СУХОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-лейтенанты БЕЛОВТЫҢ, генерал-лейтенант ШАЛИННИҢ, танк әскерінің генерал-майоры БАХ-МЕТЬЕВТИҢ, танк әскерінің генерал-майоры УПМАННЫҢ, танк әскерінің генерал-майоры САЛМИНОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-майоры СТОГНИЙДИҢ, генерал-майор ДРЕМОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-лейтенанты ҚИРИЧЕНҚОНЫҢ, танк әскерінің генерал-майоры ЮЩУКТИҢ, танк әскерінің генерал-майоры МИТРОФАНОВТЫҢ, танк әскерінің генерал-майоры ВАҒИРУБТИҢ, танк әскерінің генерал-майоры АНИСИМОВТЫҢ, полковник НИКОЛАЕВТЫҢ, полковник БАБАДЖАНЫННЫҢ, танкшілері; артиллерия генерал-полковнигі ҚАЗАҚОВТЫҢ, артиллерия генерал-полковнигі ВАРЕНЦОВТЫҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ШАМШИННИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ПОЖАРСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ИГНАТОВТЫҢ, артиллерия генерал-лейтенанты РОЖАНОВИЧТИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты КОЖУЗОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры МОРОЗОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры КОСЕНҚОНЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПЛАСКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ФРОЛОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ЛИХАЧЕВТИҢ, артиллерия генерал-майоры СНЕГУРОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ЛЕБЕДОВСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры КОЗНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры БРЮХАНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ШЛЕПИННИҢ, артиллерия генерал-майоры БОГДАННЫҢ, артиллерия генерал-майоры СЕРЕДИННИҢ, артиллерия генерал-майоры КАМЕНСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры ПОЛОСУХИННИҢ, артиллерия генерал-майоры ПЕТРОПАВЛОВСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры НИКОЛЬСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры МЕНТЮКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ДОБРИНСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры КРАСНОКУТСКИЙДИҢ, полковник ФАНТАЛОВТЫҢ, полковник ПАСЬҚОНЫҢ, полковник КОРЧАГИННИҢ, полковник ОВЕРЧЕНҚОНЫҢ, полковник ЛЮБИМОВТЫҢ артиллерияшылары: контр-адмирал ГРИГОРЬЕВТИҢ, 1-ранг капитан ЛЯЛЬҚОНЫҢ басқаруындағы қызылтулы Днепр флотилиясының кемелері мен бөлімдері; Авиация Бас Маршалы НОВИКОВТЫҢ, Авиация Бас Маршалы ГОЛОВАНОВТЫҢ, авиация генерал-полковнигі РУДЕНҚОНЫҢ, авиация генерал-полковнигі КРАСОВСКИЙДИҢ, авиация генерал-лейтенанты САВИЦКИЙДИҢ, авиация генерал-лейтенанты БЕЛЕЦКИЙДИҢ, авиация генерал-лейтенанты ТУПИКОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты ЛОГИНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты СЧЕТЧИКОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты НЕСТЕРЦЕВТИҢ, авиация генерал-лейтенанты РЯЗАНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты УТИННИҢ, авиация генерал-майоры ТОКАРЕВТИҢ, авиация генерал-майоры КРУПСКИЙДИҢ, авиация генерал-майоры КАРАВЦКИЙДИҢ, авиация генерал-майоры СКОҚТЫҢ, авиация генерал-майоры СИДНЕВТИҢ, авиация генерал-майоры ДЗУСОВТЫҢ, авиация генерал-майоры СЛЮСАРЕВТИҢ, авиация генерал-майоры ЗАБАЛУЕВТИҢ, авиация генерал-майоры АРХАНГЕЛЬСКИЙДИҢ, полковник НИКИШИННИҢ, полковник СТАЛИННИҢ, полковник ПОКРЫШКИННИҢ, авиация генерал-майоры КОМАРОВТЫҢ, полковник АЛЕКСАНДРОВТЫҢ ұшқыштары; инженерлік әскердің генерал-полковнигі ПРОЩЛЯКОВТЫҢ, инженерлік әскердің генерал-полковнигі ГАЛИЦКИЙДИҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры МАРЬИННИҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры ТКАЧЕНҚОНЫҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры ФУРСТЫҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры ХАРЧЕВИННИҢ, инженерлік әскердің генерал-майоры ЖИРОВТЫҢ, полковник БЕЛЬСКИЙДИҢ, полковник КАМЕНЧУКТИҢ, полковник ПОЛУЭКТОВТЫҢ саперлері; байланыс әскерінің генерал-лейтенанты МАКСИМЕНҚОНЫҢ, байланыс әскерінің генерал-лейтенанты БУЛЫЧЕВТИҢ, байланыс әскерінің генерал-майоры

АКИМОВТЫҢ, полковник ЧЕРҚАСОВТЫҢ, полковник ФАЛИННИҢ, полковник СМОЛИЙДИҢ, полковник ЗАХАРОВТЫҢ, полковник ПЛОТКИННИҢ, полковник БОРИСОВТЫҢ, полковник ОСТРЕНКОНЫҢ, мемлекеттік хауіпсіздік полковнигі ВАКИШТИҢ, мемлекеттік хауіпсіздік подполковнигі ГРИБТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, БЕРЛИНДІ алу ұрыстарында өте мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «БЕРЛИН» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 2 майда, 23 сағат 30 минутта тарихи оқыйға совет әскерлерінің БЕРЛИНДІ алуы хұрметіне Отанымыздың астанасы МОСКВА үш жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма төрт дүркін артиллерия оғын атып, 1-БЕЛОРУС және 1-УКРАИН майдандарының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан салют береді.

БЕРЛИНДІ алу ұрыстарына қатысқан 1-БЕЛОРУС және 1-УКРАИН майдандарының әскерлеріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

*Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы*

И. СТАЛИН

1945 жылғы 2 май
№ 359.

ГЕРМАНИЯНЫҢ ҚАРУЛЫ КҮШІНІҢ СӨЗСІЗ ТІЗЕ БҮГҮІ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН АКТЫҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

СОҒЫСТЫ ТОҚТАТЫП, ТІЗЕ БҮГҮ ТУРАЛЫ АКТ

1. Біз төменде қол қоюшылар, Германияның Жоғарғы Командованиесінен өкілдік ала отырып, құрғақтағы, теңіздегі және әуедегі барлық қарулы күшіміздің, сол сыяқты қазіргі кезде неміс командованиесінің қарамағындағы барлық күштердің Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесіне және сонымен қатар Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің Бас Командованиесіне сөзсіз тізе бұғуіне келісім береміз.

2. Германияның Жоғарғы Командованиесі немістің құрғақтағы, теңіздегі және әуедегі барлық күштерінің және Герман командованиесінің қарамағындағы барлық күштердің қолбасшыларына орталық Еуропа уақыты бойынша 1945 жылғы 8 майдағы 23-01 сағатта соғыс қыймылдарын тоқтауға, олардың осы кезде тұрған жерлерінде қалуына және қаруын толық тастауына, қаруының бәрін және соғыс мүліктерінің бәрін Одақтастардың жергілікті қолбасшыларына немесе Одақтастардың Жоғарғы Командованиесі өкіл етіп бөлген офицерлерге өткізу туралы, пароходтарды, кемелерді, самолеттерді, олардың двигательдерін, корпустарын және жабдықтарын, сол сыяқты машиналарды, қару-жарақты, аппараттарды, соғыс жүргізуге керекті жалпы соғыс-техника жабдықтарының бәрін де қыйратпау, оларға ешбір зыян келтірмеу туралы дереу бұйрық береді.

3. Германияның Жоғарғы Командованиесі дереу тиісті командирлерін бөліп, ендігі жерде Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесі және Одақтастардың Еуропадағы әскерлерінің Жоғарғы Бас Командованиесі шығарған бұйрықтардың бәрінің орындалуын қамтамасыз етеді-

4. Бұл акт Біріккен Ұлттардың немесе олардың атынан Германияға және Германияның жалпы қарулы күшіне тізе бүктіру жөнінде қолдануға осы актының орнына басқа негізгі документ жасауына ешбір бөгет болмайды.

5. Егерде немістің Жоғарғы Қомандованиесі немесе оның басқаруындағы кейбір қарулы күштер тізе бұғу жөніндегі осы актыға сәйкес қыймылдамайтын болса, онда Қызыл Армияның Жоғарғы Қомандованиесі, сол сыяқты Одақтастардың Европадағы әскерінің Жоғарғы Қомандованиесі өздері хажет деп тапқан жазалау шараларын немесе басқа шаралар қолданады.

6. Бұл акт орыс, ағылшын және неміс тілдерінде жасалған. Тек орыс және ағылшын тілінде жасалғандары ғана түпкі нұсқа болып есептеледі.

1945 жылғы 8 майда Берлин қаласында қол қойылды.

Германияның Жоғарғы Қомандованиесі атынан:

КЕЙТЕЛЬ, ФРИДЕБУГ, ШТУПМФ

Қол қойылғанда ішінде болғандар:

*Қызыл Армияның Жоғарғы Бас
Қомандованиесінің тапсыруы бойынша
Советтер Одағының Маршалы*

Г. ЖУКОВ.

*Одақтастардың Европадағы әскерінің
Жоғарғы Қомандованиесінің
тапсыруы бойынша
Авиацияның Бас Маршалы*

ТЕДДЕР.

Қол қойылғанда куәлер ретінде қатысқандар:

*АҚШтың стратегиялық
әуе күштерінің*

Қолбасшысы генерал СПААТС.

*Француз Армиясының
Бас Қолбасшысы*

генерал ДЕЛАТР ДЕ ТАССИНИ

9 май күнін Жеңіс Мерекесі деп жариялау туралы

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының

У к а з ы

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы Совет халқының Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанының хұрметіне және сөзсіз тізе бүккенін білдірген Гитлер Германиясын толық талқандаумен аяқталған, Қызыл Армияның тарихи жеңістерінің хұрметіне, 9 май бүкіл халықтық салтанат күні — **ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ** болып белгіленсін.

9 май жұмыс істемейтін күн деп есептелсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының

Президенті М. КАЛИНИН

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының

Секретарі А. ГОРКИН

Москва, Кремль.

1945 жылғы 8 май.

И. В. СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ ХАЛЫҚҚА ҮНДЕУІ

Жолдастар! Ер-әйел отандастарым!

Германияны жеңген ұлы мереке күні туды. Қызыл Армия және одақтастарымыздың әскерлері жүгіндірген фашистік Германия өзінің жеңілгендігін мойындап, сөзсіз тізе бүккендігін жарыялады.

7 майда Реймс қаласында жаудың тізе бүгуінің алғашқы протоколына қол қойылды. 8 майда одақтастар әскерлерінің Жоғарғы Командованиясының және совет әскерлерінің Жоғарғы Бас Командованиясының өкілдері алдында неміс бас командованиясының өкілдері тізе бүгудің түпкілікті актысына Берлинде қол қойды. Бұл акт 8 май күнгі 24 сағаттан бастап орындала басталды.

Шарттар мен келісімдерді кұр бос қағаз деп санайтын неміс билеп-төстеушілерінің айуандық кұлқын білгендіктен, олардың сөзіне нануға біздің дәлеліміз жоқ. Алайда бүгін таңертең неміс әскерлері тізе бүгу туралы жасалған актыны орындау ретінде жаппай қаруларын тастап, біздің әскерлеріміздің қолына түсе бастады. Бұл енді кұр бос қағаз емес. Бұл — Германияның қарулы күштерінің анық тізе бүккендігі. Рас, немістердің Чехословакия ауданындағы бір топ әскері тізе бүгуден әлі де болса жалтаруда. Бірақ, Қызыл Армия оларды тәубеге келтіреді деп сенемін.

Германияны біржолата талқандаған тарихи күн, Германия империализмін талқандаған халқымыздың ұлы жеңіс күні туды деп айтуға біздің қазір толық дәлеліміз бар.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы кұрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен таршылығы, отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды. Өздерінің тіршілігін және өздерінің тәуелсіздігін қорғаған славян халықтарының ғасырлар бойғы күресі неміс басқыншыларын және неміс зорлықшыларын жеңумен аяқталды.

Бүгіннен бастап Европа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбіреді.

Мұнан үш жыл бұрын Гитлер, бүкіл ел алдында, Советтер Одағын бөлшектеуді, Кавказды, Украинаны, Белоруссияны, Прибалтиканы және басқа облыстарды Советтер Одағынан бөліп алуды өзінің міндетінің бірі деп жариялады. Ол ашықтан-ашық: «Біз Ресейді жоямыз, оны енді еш уақытта бас көтере алмастай етеміз» деді. Мұнан үш жыл бұрын ол осылай деп еді. Бірақ, Гитлердің есуастық идеясы іске аспады, соғыстың барысы бұл идеяны күйретіп, күлін көкке ұшырды. Мәселе іс жүзінде гитлершілдердің сандырағынша болмай, тіпті, басқаша болып шықты. Германияның талқаны шығып, күйреді. Германия әскерлері тізе бүгуде. Советтер Одағы жеңісті мерекелеуде, бірақ ол Германияны бөлшектеуді және оны жоюды көздемейді.

Жолдастар! Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңіп шығуымызбен аяқталды. Европада соғыс дәуірі бітті. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды.

Қымбатты ер-әйел отандастарым, сіздерлі жеңіспен кұттықтаймын!

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІН ҚОРҒАП, ЖАУДЫ ЖЕҢІП ШЫҚҚАН ҚАҺАРМАН ҚЫЗЫЛ АРМИЯМЫЗДЫҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ЖЕҢІМПАЗ ҰЛЫ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ДАҢҚЫ АРТА БЕРСІН!

ЖАУҒА ҚАРСЫ УРЫСТАРДА ҚАЗА ТАПҚАН, ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОСТАНДЫҒЫ МЕН БАҚЫТЫ ҮШІН ҚҰРБАН БОЛҒАН БАТЫРЛАРДЫҢ ДАҢҚЫ МӘНГІ ӨШПЕСІН!

ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫНЫҢ БҰЙРЫҒЫ

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ӘСКЕРЛЕРІ МЕН СОҒЫС-ТЕҢІЗ ФЛОТЫНА

1945 жылғы 8 майда Берлинде Германияның Жоғарғы командования-ның өкілдері Германияның қарулы күштерінің сөзсіз тізе бұғуі туралы актыға қол қойды.

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы совет халқы жүргізген Ұлы Отан Соғысы жеңіспен аяқталды, Германия толық талқандалды.

Жолдастар, қызыләскерлер, қызылфлотшылар, сержанттар, старшиналар, армия мен флоттың офицерлері, генералдар, адмиралдар және маршалдар сіздерді Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуымен құттықтаймын.

Германияны толық жеңу хұрметіне бүгін, 9 майда, Жеңіс Күнінде, 22 сағатта Отанымыздың астанасы Москва мың зеңбіректен отыз дүркін артиллерия оғын атып, бұл тамаша жеңіске жеткен Қызыл Армияның айбынды әскерлеріне және Соғыс-Теңіз Флотының кемелері мен бөлімдеріне Отанымыз атынан салют береді.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың данқы мәңгі өшпесін!

Жеңімпаз Қызыл Армия және Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 9 май
№ 369.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛБАСШЫЛАРЫНЫҢ ХҰРМЕТІНЕ КРЕМЛЬДЕ КАБЫЛДАУ МӘЖЛІСІ

24 майда ССР Одағының Үкметі Кремльде Қызыл Армия әскерлерінің қолбасшылары хұрметіне қабылдау мәжлісін жасады. Қабылдау мәжлісінде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері, халық комиссарлары, БК(б)П Орталық Комитетінің мүшелері, Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының өкілдері, совет өнеркәсібінің, ғылым, көркем өнер, әдебиеттің көрнекті қайраткерлері болды.

20 сағатта қонақтар Үлкен Кремль Сарайының Георгиев залына жыйналды. Бұл залда даңқты армиямыздың, қаһарман халқымыздың игі жақсылары бас косты. Жауды талқандаудың данышпандықпен жасалған сталиндік жоспарын жүзеге асырған Советтер Одағының даңқты маршалдарымен майдандардың қол басшыларымен қатар, Қызыл Армияны маңдай алды соғыс техникасымен қамтамасыз еткен социалистік еңбек ерлері, совет қаруының үлгісін жасаушы асқан конструкторлар көзге түседі.

Жеңіс туралы шаттық хабар бүкіл дүние жүзіне лезде тараған даңқты күннен бері небәрі екі апта ғана уақыт өтті. Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы хұрметіне совет халқын кұттықтаған Сталин жолдастың тарихи сөздерін 9 майда бүкіл еліміз зор қуанышпен тыңдады: «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы кұрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен таршылығы, отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды».

Қызыл Армияның және одақтастар әскерлерінің еселеген соққысының арқасында, қарақшы Гитлер Германиясы бір жолата күйреді. Тізе бүккен Берлин үстінде жеңіс туы тігілді. Күркіреген зеңбірек дауыстары басылып, қан төгіс ұрыстар тоқталды. Ұлы совет халқы — жеңуші халық Жеңіс мерекесін, әділетті ісіміз салтанат құрған күнді мақтанышпен мейрамдап өткізді. Совет халқының адал ұлдары осы әділетті ісіміз үшін соғысты, аянбай еңбек етті.

Бүгін қарт Кремль жеңушілерді қошаметпен қарсы алды. Қатардағы жауынгерден бастап маршалға дейін, олардың бәрі де ұлы Сталиннің тәрбиесімен өсіп ер жетті. Сталин оларды соғыстың барлық қыйыншылықтары мен ауыр сындарынан бастап өткізді, жігерін шындап, оларға жауды жеңу өнерін үйретті. Бұл соғыстың ұлы майдандарында жауынгерлеріміз бүкіл дүние жүзіне асқан ерліктің, батырлықтың, қаһармандықтың үлгілерін көрсетті. Ұлы бабаларымыз — Александр Невскийдің, Дмитрий Донскойдың, Кузьма Мининнің, Дмитрий Пожарскийдің, Александр Суворовтың, Михаил Кутузовтың, олардың батыр жауынгерлерінің бейнесі неміс-фашист басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыстарда совет жауынгерлерін жігерлендіріп отырды, ұлы Лениннің жеңімпаз туы оларды алға бастады.

Өзінің қолбасшылары мен солдаттарын бүкіл еліміз, бүкіл совет халқы орынды мақтан етеді; олар тарихта болып көрмеген сұрапыл соғыста жауды жеңіп шықты, туған елімізге бұрын-соңды қол сұққан дұшпандарымыздың ішіндегі ең күшті, ең залым жауды талқандап, жермен жексен етті. Отанымыз өзінің адал ұлдарының жауынгерлігіне, ерлігіне, батырлығына лайықты баға берді — олардың көбінің омырауында жарқыраған ордендер. Бұл ордендер Москва, Сталинград түбінде, Украина мен Белоруссияның далаларында болған ұлы ұрыстарды, жау-

дың жеріндегі жеңімпаздық жорықтарды еске түсіреді. Ленин-Сталиннің ұлы туып кездескен сындардың бәрінен зброймен жоғары ұстап өткен, Орыс қаруының жауынгерлік дәстүрін молайтқан, өздерінің қаһармандық істерімен отанымыздың тарихынан көрнекті орын алған азаттық соғыс батырларының даңқы арта берсін!

Бұл жеңіске майдан мен тылдың күш біріктірген қыймылы арқасында, Орал мен Сібірдегі қару жасаушылардың, Бакудағы мұнайшылардың, Магнитогорскідегі металшылардың, Кузбастағы кеншілердің қаһармандық еңбегі арқасында жеттік. Бұл жеңіске ұлы совет еліндегі барлық халықтардың — Ресей мен Украина ұлдарының, Белоруссия мен Азербайжан еңбекшілерінің, Өзбекстан мен Грузия жұмысшыларының, колхозшыларының, Ленин-Сталиннің жеңімпаз ұлы туы астында туысқандық одақ болып біріккен барлық ұлттар еңбекшілерінің отаншылдық жігері арқасында жеттік.

20 сағат. И. В. Сталин жолдас, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. А. Жданов, Н. С. Хрущев, Л. М. Каганович, А. А. Андреев, А. И. Микоян, Н. М. Шверник, Л. П. Берия, Г. М. Маленков, Н. А. Булганин, Н. А. Вознесенский жолдастар залға келгенде жыйналған көпшілік орындарынан тұрып, оларды ду қол шапалақтап қарсы алды. Жеңісіміздің рух берушісі және ұйымдастырушысы ұлы Сталинге, оның серіктеріне көрсеткен қошемет бірнеше минутқа созылды.

Залдың іші тып-тыныш бола қалды. Молотов жолдас Советтер Одағының маршалдарын президиумнан орын алуға шақырды. Еділден Шпрееге, Москваның іргесінен сонау Берлинге, Украинаның кең даласынан Бранденбургке дейін ұлы жорыққа басшылық еткен даңқты қолбасшыларды залдағылар зор шаттықпен құтықтады.

В. М. Молотов жолдас жыйналған көпшілікке арнап қысқаша сөз сөйледі:

— Жолдастар, үкмет социалистік құрылыстың, ғылым мен көркем өнердің көрнекті қайраткерлерінің қатысуымен Қызыл Армия әскерлері қолбасшыларының хұрметіне осы қабылдау мәжлісін жасады. Бүгінгі үкметтік қабылдау герман фашизміне қарсы Ұлы Отан соғысының толым жатқан майдандарында армияларымызды ұрысқа-бастаған, елімізді жексұрын басқыншылардан тазартып, Гитлер Германиясын күйреткен, сөйтіп бізді ұлы жеңіске жеткізген совет қолбасшыларының хұрметіне жасалды (ду қол шапалақтау). Соғыстың сұрапыл ауыр жылдарында халқымыздың тәуелсіздігі, бостандығы мен бақыты үшін жауға қарсы күрескен жауынгерлеріміз бен командирлерімізге бұл күндерде бүкіл совет халқы ықыласпен назар аударуда. Бұл күндерде бүкіл совет халқы өзінің жеңімпаз армиясына, оның басшыларына, өзінің жанкыяр жауынгерлері мен командирлеріне сүйіспеншілікпен назар салады, олардың жауынгерлік еңбегін, асқан батырлығын орынды мақтап етеді. Бүгін біз қызыл әскерлеріміз бен соғыс моряктарының хұрметіне, офицерлеріміздің, генералдарымыздың, адмиралдарымыздың, даңқты маршалдарымыздың хұрметіне, ең алдымен күресімізге басшылық еткен және басшылық етіп отырған, халқымызды тарихта болып көрмеген ұлы жеңіске жеткізген ұлы адам, сүйікті көсеміміз Сталин жолдастың хұрметіне тост көтеруге тиіспіз!

Қабылдау мәжлісіне жыйналғандардың бәрі жабыла орындарынан тұрып, ұлы көсемімізге, ұстазымызға және қолбасшымызға қошеметпен зор хұрмет көрсетті.

— Жолдастар, — деді бұдан кейін Молотов жолдас, армиямыз іс жүзінде социалистік мемлекетіміздің атын ақтайтын, Еуропаны герман-фашизмнен азат етуді көздеген ұлы міндетке сай армия екенін көрсетті.

Біздің бүкіл совет халқы сыяқты, армиямызды да даңқты большевиктер партиясы, Ленин-Сталин партиясы тәрбиелеп өсірді. Біздің партияны ой мен істің ұлы дамышпаны кемеңгер Ленин құрды. Қазір

біздің партияны ұлы Сталин жеңістен жеңіске бастап отыр. Мен Ленин-Сталиннің ұлы партиясы хұрметіне, біздің большевиктер партиясының Орталық Комитеті хұрметіне, туысқанымыз ұлы Сталиннің саулығына тост көтеремін!

Молотов жолдастың қорытынды сөздерін залдағылар ду қол шапалақтап, ұлы Сталиннің хұрметіне, жеңімпаз айбынды Қызыл Армияның хұрметіне ұран салып, кұтты болсын айтып қарсы алды.

В. М. Молотов жолдас қонақтарға арнап былай деді:

— Жолдастар! Бұл залда Москваға бір эшелон көмірді тарту ретінде әкелген поляк кеншілерінің өкілдері бар. Мен Советтер Одағына дос демократияшыл Польшаның хұрметіне, славян халықтары арасындағы мызғымайтын берік достықтың үлгісі болатын совет-поляк достығы хұрметіне тост көтеруді ұсынамын!

Польша кеншілерінің өкілдері президиумге қарай жүрді. Залдағылар оларды достықпен кұттықтап, хұрмет көрсетті. Сталин жолдастың хұрметіне, совет поляк достығының хұрметіне кұттықтау сөздер айтылды. Польша өкілдері өздерінің тілінде Сталин жолдастың хұрметіне кұттықтаран халық өлеңін әнмен айтып шықты.

Молотов жолдас «орыс халқының асқан қайраткері, большевиктік Орталық Комитеттің ең қарт мүшесі, совет мемлекетінің басшысы, бәрімізге сүйікті Михаил Иванович Калининнің саулығына» тост көтерді.

Қатысып отырғандар Молотов жолдастың бұл сөздерін ду қол шапалақтап қарсы алды.

И. В. Сталин жолдас қонақтарға арнап былай деді:

— Мен сыртқы саясатымыздың басшысы Вячеслав Михайлович Молотовтың хұрметіне тост көтеруді ұсынамын. Жаксы сыртқы саясат кейде майдандағы екі-үш армиядан да салмақты болатынын ұмытпаңыздар. Біздің Вячеславтың хұрметіне көтеріңіздер.

Залдағылар Молотов жолдасқа зор хұрметпен қошемет көрсетті.

Молотов жолдас мәжлістегілерге Қызыл Армия әскерлерінің қолбасшылары хұрметіне тост көтеруді ұсынды.

— Мен ең алдымен Жуков жолдастың атын атаймын, — деді Молотов жолдас. — Москваны қаһармандықпен қорғау, Ленинградты қорғау, досымыз Польшаның астанасы — Варшаваны азат ету, — осы ұлы ұрыстардың бәрінде Жуков жолдас көрнекті орын алды. Маршал Жуковтың басқаруындағы әскерлеріміз фашистердің жылан ұясы — Берлинге басып кіріп, оның үстінде жеңіс туын тікті. Маршал Жуковтың саулығы үшін!

Залдағылар тағыда айбынды Қызыл Армияның, оның қолбасшыларының хұрметіне ду қол шапалақтады.

Молотов жолдас Украинадағы ұрыстардың батыры, Праганы азат етуші, маршал Жуковтың әскерлерімен бірге өз әскерін бастап Берлинге кірген маршал Коневтің хұрметіне, бұл соғыста тарихи өзгеріс туғызған Сталинград жанындағы ұрыстың батыры, Белоруссиядағы ұрыстарға басшылық еткен, немістерді Данигпен Штеттиннен қуып шыққан қолбасшы — маршал Рокоссовскийдің хұрметіне, өзінің әскерлерімен Ленинград түбінде немістерді талқандаған, Таллинді азат еткен, Карель мойнағында жаудың қорғанатын күшті бекіністерін қыйратып, Выборгті азат еткен маршал Говоровтың хұрметіне, Ростовты азат етуші батыр, Венгрияның астанасы — Будапешті неміс және венгр фашистерінен азат еткен маршал Малиновскийдің хұрметіне, Болгарияны және оның астанасы Софияны азат еткен батыр, неміс басқыншыларды Австрияның астанасы Венадан қуған қолбасшы маршал Толбухиннің хұрметіне, Шығыс Пруссиядағы ұрыстардың батыры, өзінің әскерімен неміс милитаризмінің қамалы — Кенигсбергті алған маршал Василевскийдің хұрметіне, немістердің Земланд түбегіндегі әскер тобын біржолата талқандаған армия генералы Баграмянның

хұрметіне, Солтүстіктегі совет әскерлерінің жауынгерлік қыймылдарына басшылық еткен маршал Мерецковтың хұрметіне, өзінің әскерлерімен Қарпат тауларынан жеңімпаздықпен өткен армия генералы Еремеконның хұрметіне тост көтеруді ұсынды.

Қонақтар орындарынан тұрып, совет қаруының даңқын асырған, Жоғарғы Бас командованиенің данышпандық тапсырмасын тамаша орындаған даңқты Сталиндік қолбасшыларды шын көңілден құттықтап, қошемет көрсетті.

Молотов жолдас Қызыл Армияның қарт қолбасшыларының, азамат соғысы жылдарында Қызыл Армияға басшылық етіп, жас совет мемлекетін жаулардан қаһармандықпен қорғап қалған қолбасшылардың хұрметіне тост көтеруді ұсынды. Молотов жолдас азамат соғысы жылдарында совет әскерлерін жеңімпаздық ұрыстарға бастаған және қазіргі отан соғысы жылдарында совет әскерлеріне басшылық еткен Қ. Е. Ворошиловтың, маршал Буденныйдың және маршал Тимошенконның саулығына бокал көтерді.

Советтер Одағының маршалдары, генералдары, социалистік өнеркәсіп, ғылым, көркем өнер және әдебиет қайраткерлері орындарынан тұрып, Қызыл Армияның даңқты қолбасшыларын хұрметпен құттықтады.

Қорытындысында Молотов жолдас совет Соғыс-Теңіз Флотының басшылары флот адмиралдары Кузнецов пен Исаковты, флоттардың қолбасшылары адмиралдар Трибуцті, Октябрьскийді, Головкины, Юмашевты және Қызыл Армия әскерлерінің арнаулы түрлерінің маршалдарын құттықтап, артиллерия бас маршалы Вороновтан, авиация бас маршалдары Новиков пен Головановтан бастап олардың бәрінің аттарын атап өтті.

Бұдан кейін Мемлекеттік Қорғау Комитеті хұрметіне, оның Председателі Маршал И. В. Сталиннің хұрметіне, Қызыл Армия әскерлерін қару-жарактың, неше түрінің бәрімен, танктермен, самолеттермен окдәрімен үзбей жабдықтауды қамтамасыз еткен, майдандардағы әскерлерімізді басқа жабдықтың және азық-түліктің бәрімен қамтамасыз еткен Мемлекеттік Қорғау Комитетінің мүшелері Л. П. Берияның, Г. М. Маленковтың, А. И. Микоянның, Л. М. Кагановичтің, Н. А. Булганиннің, Н. А. Вознесенскийдің хұрметіне тостар көтерілді. Бұдан кейін Бас штабтың және оның бастығы — армия генералы Антоновтың хұрметіне тост көтерілді.

Ұлы көсеміміздің және қолбасшымыздың, партия және үкмет басшыларының, күш біріктіріп даңқты жеңіске жеткен қаһарман армиямыздың және қаһарман халқымыздың өкілдерімен бас қосқан бұл тарихи мәжілісі ерекше достықпен, өте көңілді өтті.

И. В. СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

Жолдастар, маған тағы бір ақырғы тост көтеруге ұрықсат етіңіздер.

Мен біздің совет халқының, ең алдымен орыс халқының саулығына тост көтергім келеді. (ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН, ДУ КОЛ ШАПАЛАҚТАУ, «УРА» ЛАҒАН ДАУЫСТАР).

Мен, ең алдымен, орыс халқының саулығына ішемін, өйткені ол — Советтер Одағындағы барлық ұлттар ішіндегі ең ерекше ұлт.

Мен орыс халқының саулығына тост көтеремін, өйткені ол бұл соғыста еліміздің барлық халықтары арасында Советтер Одағының басшылық күші деп бүкіл жұрт танырлық еңбек сіңірді.

Мен орыс халқының саулығына тост көтергенде, оның басшы ха-

лық болғаны үшін ғана емес, оның айқын ойлы, тұрақты мінезді және төзімді халық болғаны үшін де тост көтеремін.

Біздің үкметіміздің қателері де аз болған жоқ, біздің 1941 — 42 жылдарда орасан ауыр халге ұшыраған кездеріміз болды, бұл жылдарда армиямыз шегініп Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның, Ленинград облысының, Прибалтиканың, Карель-Фин республикасының туған селолары мен қалаларын тастап шықты, өйткені басқа амал болмады. Басқа халық болса, үкметке: үмітімізді ақтамадыңдар, енді тайып отырыңдар, біз Германиямен бітім жасап, тыныштығымызды камтамасыз ететін басқа үкмет құрамыз деген болар еді. Бірақ орыс халқы оған барған жоқ, өйткені өз үкметінің саясатының дұрыстығына сенді, сондықтан ол Германияны талқандауды камтамасыз ету үшін құрбандық беруден тартынбады. Орыс халқының совет үкметіне осы сенімі, адамзаттың жауы — фашизмді күйреткен тарихи жеңісті камтамасыз еткен шешуші күш болды.

Бұл сенім үшін оған, орыс халқына рахмет!

Орыс халқының саулығы үшін! (УЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН, ДУ ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ).

Тарихи ұлы жеңіс

Күткеніміз болды! Қызыл Армияның және одақтастардың әскерлерінің соққыларына душар болған Гитлердің қанды балақ Герман империясы күйреді. Бүкіл дүние жүзіне кожа болуды, тарихтың дөңгелегія керісінше айналдырып, барлық елдердің бостандық сүйгіш халықтарын құлдануды көздеген Германияның империалистері бүкіл дүние жүзі алдында өзінің толық жеңілгенін мойнына алды. «Қызыл Армия және одақтастарымыздың әскерлері жүгіндірген фашистік Германия өзінің жеңілгендігін мойындап, сөзсіз тізе бүккендігін жариялады» (И. Сталин).

Өзі өмір сүргеннен бергі жерде Германия ешуақытта мұндай толық күйреуге, мұндай қатты жеңіліске, апатқа душар болып көрген емес. Бүкіл дүние жүзіне үстемдік ету мақсатында басшылары шығарған қазіргі соғыстағыдай саяси тәртібінің күйрегенін Германия бұрын ешуақытта көрген емес. Жаулап алу программасын жоспарлаған Германияның менменсіген генералитеті 1945 жылғы 8 майда әлем алдында масқара болып, апатқа ұшырағанын мойындады.

Гитлердің Европадағы адамды құл етуші «жаңа тәртібі» толық күйреді. Европаның көп халықтарына бірнеше жыл бойына азап көрсеткен фашистік құлдықтың бұғауы талқандалды. Олар Герман империализмінің бұғауынан азат болып, өзінің ұлттық мемлекеттік тіршілігін демократиялық негізде еркін өркендетуге мүмкіндік алды. Әділ іс салтанатпен жеңіп шықты. «Бүгіннен бастап, — деді Сталин жолдас, — Европа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейді».

Герман империализмінің талқандалғанының дүние жүзі халықтарының болашағы үшін орасан зор маңызы бар. Өйткені, олардың тәуелсіздігіне төнген зор қатер жойылып отыр, демократияның гүлденуіне, мәдениеттің еркін өркендеп, адамзаттың алға басуына кеңінен жол ашылып отыр.

Біріккен ұлттардың фашистік Германияны жеңу жолындағы күресінде совет мемлекеті, біздің халқымыз, біздің Қызыл Армиямыз шешуші орын алды. Советтер Одағына герман империализмін талқандау күресінің ең басты, ең ауыр міндеті жүктелді. Гитлер Германиясының негізгі күштері бүкіл соғыс бойына Шығыста, совет-герман майданында болды. Соғыстың тағдыры осы майданда шешілді, герман фашизмі мен соғысқұмарларды толық және біржолата жеңуге осы майданда жағдай жасалды.

Герман империалистері өздерінің басқыншылық жоспарын іске асыруға қарсы тұратын ең басты жау Советтер Одағы деп білді. Олар Советтер Одағына қарсы сан — миллиондаған армиясын айдап салды. Бұл армия техниканың ең соңғы табыстарымен қаруланған, жақсы жабдықталған, соғыс ісіне әбден үйретілген, бойына фашистік пропаганданың ұы әбден сіңген армия болатын.

Сталиндік мектептен шыққан талантты қолбасыларының басшылығы арқасында, барлық заманның асқан зор қолбасшысы Сталин жолдастың басшылығы арқасында Қызыл Армия Германияның дивизияларының негізгі бөлегін, олардың адам күшін, техникасын жойып жіберді. Қызыл Армия герман фашизмінің соғыс қуатын шайқалтып, герман армиясы жеңілмейді деген сандырақтың күлін көкке ұшырды, сөйтіп, соғыстың барысында өз пайдасына ұлы өзгеріс жасады. Гитлердің Ев-

ропадағы одақтастарын саптан шығарып, Польшаны, Чехословакияны, Европаның басқа елдерін неміс-фашист басқыншылардың тепкісінен азат етті. Совет әскерлері герман империализмінің нағыз жүрегінен өлтіре соққы берді, олар Гитлер Германиясының астанасы — Берлинді алып, оның үстіне социалистік мемлекеттің жеңімпаз туын тікті.

«Ұлы Отан соғысында совет әскерлерінің қолы жеткен тамаша жеңістер Қызыл Армияның батырлық қуатын және оның әскери шеберлігінің жоғары екенін көрсетті. Біздің отанымыз соғыс үстінде халқымыздың социалистік ұлы жеңістерін қорғау қолынан келетін және Советтер Одағының мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ететін ысылған ең тамаша армияға ие болды» (Сталин).

Еліміздің жеңіске жеткен жолы оңай болған жоқ. Бірақ, совет халқы өзінің әділ ісі жеңіп шығатынына берік сенді. Сталин жолдас бастаған Коммунист, партиясы жігер беріп, басшылық еткен совет халқы бірыңғай жауынгерлік лагерьге бірігіп, өзінің барлық күшін елімізге опасыздықпен шабуыл жасап, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігіне қатер төндірген неміс—фашист басқыншыларды талқандау ісіне жұмсады. «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан — теңіз азабы мен таршылығы, отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқтады» (Сталин).

Өзінің көлемі жағынан бұрын-соңды болып көрмеген зор соғыста саяси құрылысы және идеологиясы жағынан, соғыстағы мақсаты жағынан біріне бірі жат екі мемлекет шайқасты. дүние жүзіндегі ең кертартпаныл фашистік мемлекет пен дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы совет мемлекеті шайқасты. Фашистік Германия бұл соғыста құлақ естімеген басқыншылық мақсаттарды көзледі. Гитлер соғыста совет мемлекетін жоюды, еліміздің халықтарын бөлшектеп, құлдыққа салуды, осыдан кейін Англияны, Америка Құрама Штаттарын талқандап, бүкіл дүние жүзіне үстемдік етерлік дәрежеге жетуді көздейтінін әлем алдында ашық жариялады.

Советтер Одағы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында, Европа халықтарын фашистік бұғаудан азат ету жолында, бостандық сүйгіш адамзатты фашистердің құллығына түсу қатерінен құтқару жолында әділетті азаттық соғысын жүргізді.

Қатер өте зор болды. Бірақ, Сталин жолдас бастаған совет мемлекеті өзінің соғыстық, экономикалық және моральдық-саяси жағынан күштілігі арқылы бұл қатерді жойды. Гитлердің есаландық жоспары толық күйреді. Сталин жолдас 9 майда, тарихи жеңіске жеткен күні совет халқына арнаған үндеуінде былай деді: «Мәселе іс жүзінде гитлершілердің сандырағынша болмай, тіпті басқаша болып шықты. Германияның талқаны шығып, күйреді. Германия әскерлері тізе бүгуде. Советтер Одағы жеңісті мерекелеуде, бірақ, ол Германияны бөлшектеуді және оны жоюды көздемейді».

Совет мемлекетінің атасы және оны орнатушы Владимир Ильич Ленин қандай қоғамдық құрылысқа болса да соғыс оның күшін, өмірге бейімділігін барлық жағынан қатал тексеретін әрбір халықтың барлық материалдық және рухани күшіне сын болады деп үйретті.

Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңуімізбен аяқталды. Фашистік Германия сыяқты күшті, қатал, зұлым жауға қарсы жүргізілген, бұрын-соңды кездеспеген зор көлемде болған соғыста совет мемлекеті жеңіп шықты. Совет құрлығы, шаруашылық пен мәдениеттің социалистік жүйесі, халықтардың туысқандық семьясы, алдыңғы қатарлы игілікті идеологиясы Гитлердің империалистік мемлекетін соғыста толық жеңіп шықты.

Лениндік-сталиндік халықтар достығына негізделген совет мемле-

жеті соғыстың қатал зындарынап аброймен өтіп, фашистік Германияны толық жеңді. Совет мемлекеті соғыстан бұрынғыдан да берік, және қуатты болып шықты.

Большевиктер партиясы бастаған совет мемлекеті жүргізген халықтар арасындағы достық саясаты фашизмге қарсы мемлекеттердің тобын нығайтуға, халықаралық жағдайда Советтер Одағының беделі арта беруіне жеткізді. Совет мемлекетінің данышпандық саясаты ортақ жауға — Гитлер Германиясына қарсы күресте дүние жүзінің демократияшыл ұлы мемлекеттерінің жауынгерлік ынтымағын қамтамасыз етті.

Ортақ жауға — герман фашизміне қарсы күреске совет елінің ұлы үлес қосқанына бүкіл дүние жүзі мойындап отыр. Совет мемлекеті болмаса, онда бүкіл дүние жүзі көп жылдар бойына фашистік тағылықтың озбыр үстемдігіне душар болып, қорлық көрген болар еді. Фашистік толқынның дүние жүзінің халықтарының демократиялық бостандығын тұншықтырып, жойып жіберуіне жол бермеген ұлы бөгет Советтер Одағы болды. Гитлердің адамзатты құл иелену дәуіріне қайта түсірмек болған жоспарының бәрін құл-талқан еткен күш Советтер Одағы болды. «Совет халқы өзінің жанкыярлық күресімен Европа мәдениетін фашист талаушылардан құтқарды. Совет халқының адам баласының тарихы алдындағы ұлы еңбегі осында» (Сталин). Мұны бостандық сүйгіш адамзат ешуақытта ұмытпақ емес.

Совет халқы өзінің қолбасшыларын, офицерлерін, солдаттарын мақтан етеді. Мұнысы әбден орынды. Олар біздің жерімізге басқыншылық ниетпен бұрын-соңды келген жаулардың ішіндегі ең күштісі және ең зұлым жау Германияны талқандады. Совет адамдары сүйікті Отанымыздың игілігі үшін өздерінің тамаша өмірін қыйған жауынгер батырлардың бейіті алдында басын иеді. Олардың мәңгі өшпес ерлік істері, советтік отанымыздың игілігі жолында көрсеткен ерліктері ешуақытта естен шықпайды. Жауға қарсы күресте қаза тапқан, халқымыздың бостандығы мен бақыты үшін өмірін құрбан еткен батырлардың данқы мәңгі өшпесін!

Данышпан көсеміміз және қолбасшымыз Сталин жолдас бастаған Қызыл Армия соғыс үстінде ең айбынды, қазіргі заманның ең шыныққан армиясына айналды. Ұлы Отан соғысында тамаша жеңіске жеткен Қызыл Армияның батырлық күшін совет халқы мақтан етеді. Жеңіс салтанатына бөленген совет адамдары асқан зор мақтанышпен: Отанымыздың тәуелсіздігін қорғап қалған, бізді жеңіске жеткізген қаһарман Қызыл Армияның данқы арта берсін! — дейді.

Ұлы совет халқы тылдағы жанкыярлық еңбегімен Қызыл Армияның Отан соғысы майдандарында жеңіске жетуін қамтамасыз етті. Фашистік Германияға қарсы соғыста совет адамдары жеңіп шықты. Сталин жолдас «Халқымыз қаһарман халық деген орынды даңққа ие болды» деді.

Советтік Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғай отырып, Отан соғысының барлық майдандарында еліміздің барлық халықтарының адал ұлдары мен қыздары қоян-қолтық бірге болып, жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Батырлар тізімінен орыстардың есімімен қатар украиндардың, белорустардың, казактардың, грузиндердің, армяндардың, өзбектердің, еліміздің басқа да ұлттары жауынгерлерінің есімдері орын алды. Елімізді мекендеген барлық халықтар үшін социалистік Отанымыз ең қымбатты ең жақын іс болып табылады. Соғыстың қыйыншылықтары мен ауыр зындарының бәрінен сүрінбей өткен еліміздің халықтарының лениндік-сталиндік ұлы достығы фашист, басқыншыларға қарсы күресте бұрынғыдан да шынықты.

ССРО халықтарының достығы — совет мемлекетінің қуатының және жеңімпаздығының негізгі тірегінің бірі. Бұл Қызыл Армияның моральдық рухы берік болуын қамтамасыз етіп, оның жауынгерлерінің ынты-

мағын күшейтті, олардың ерлік көрсетуіне, жанқиярлық батырлық істеуіне, табандылық, жүректілік көрсетуіне негіз болды.

Совет халқының герман фашизміне қарсы күресінің алдыңғы тобында данқты, батыр, ұлы орыс халқы болды. Сталин жолдастың сөзімен айтқанда ұлы орыс халқы «бұл соғыста еліміздің барлық халықтары арасында Советтер Одағының басшылық күші деп бүкіл жұрт танырлық еңбек сіңірді».

Орыс халқының тарихында отаншылдық ұлы ерліктер үлгісі толып жатыр. Солай бола тұрса да, қазіргі ұлы Отан соғысы тұсындағыдай жаппай ерлік көрсету, қайтпас қажырлылық, жүректілік, батырлық, жанқиярлық іс көрсету тарихта бұрын ешуақытта болған емес. Өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрес дәстүрін мақтан ететін орыс халқы бұл соғыста еліміздің халықтары мен Европаның халықтары бостандық үшін, тәуелсіздік, демократия үшін және алдыңғы қатарлы идеялардың салтанат құруы үшін күресушілердің бәрі де оның күштілігіне, туысқандық көмек көрсететініне әбден сенуге болатынын айқын көрсетті.

Сталин жолдас былай деді: «Орыс халқының совет үкметіне осы сенімді адамзаттың жауы-фашизмді күйреткен тарихи жеңісті қамтамасыз еткен шешуші күш болды.

Бұл сенім үшін оған, орыс халқына рахмет!».

Совет мемлекетінің, совет халқының жетекші және бағыт беруші күші ұлы Ленин-Сталин партиясы болып келеді. Еліміз герман фашизміне қарсы майдандағы және еңбек майданындағы тарихи жеңістерге Ленин-Сталин партиясының басшылығы арқасында жетті. Сталин жолдас бастаған большевиктер партиясы совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресінің программасын белгілеп, гитлершіл Германияны талқандау күресін ұйымдастырды, сөйтіп, тарихи ұлы жеңіске жетуімізді қамтамасыз етті. «Партияның ұйымдастырушылық жұмысы, — деді Сталин жолдас, — совет адамдарының барлық күшін біріктіріп, ортақ мақсатқа бағыттады, күшімізбен құрал-қаржымыздың бәрін жауды талқандау ісіне бағындырды».

Ленин-Сталин партиясы халықты жігерлендіріп, күреске аттандырып отырды. Еңбекшілерге күрестің айқын бағытын көрсетіп, соғыстық және халықаралық жағдайды мейлінше ашық айтып, соғыстың әрбір кезеңінде совет халқының алдында тұрған нақты міндеттерді көрсетіп отырды.

Коммунист партиясының күнделікті жүргізген жанқиярлық жұмысы тамаша жеміс берді. Оның басшылығы арқасында совет халқы өзінің ынтымағын, моральдық-саяси бірлігін бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде нығайтып, жаппай ерлік көрсетті. Совет халқының ұлы отан соғысының ауыр сындары үстінде көрсеткен бұл бірлігімен ерлігін адамзаттың тарихы бұрын білген емес.

Ленин-Сталин партиясы совет халқына дүниеге маркстік-лениндік тұрғыдан карауды үйретті, совет халқын ең алдыңғы қатарлы идеологиямен қаруландырды. Бұл идеология неміс-фашист жауыздардың адамзатқа өшпенді, азғындық, құлиеленушілік идеологиясын толық жеңіп шықты.

Совет халқының герман фашизміне қарсы күресте қолы жеткен ұлы жеңісі Ленин-Сталин ісінің салтанат құруы болып табылады.

Совет адамдарының Отанға, қаһарман Қызыл Армияға, данқты большевиктер партиясына және бізді барлық жеңістерге жеткізген ұлы Сталинге деген жалынды сүйіспеншілік жүрегін кернеуде. Сталин жолдас бізді ең қатерлі, күшті, қаныпезер, зұлым жауға-қаракшы герман империализміне қарсы хасиетті күреске аттандырды. Ол жеңіс жолын көрсетіп әділ ісіміздің салтанат құратынына сенімімізді нығайтты. Сталин жолдастың Отан соғысы кезінде сөйлеген сөздері мен бұйрықтары со-

вет елінің жолына айбынды жарық жұлдыз болып отырды, жекеұрын жауға қарсы күресте миллиондаған адамдарға жол көрсететін жарық жұлдыз болды. Сондықтан да совет халқының кіршіксіз таза ойы, асыл алғысы әрқашан өзінің көсеміне, ұстазына, жеңістерімізге дем беріп, ұйымдастырушы болған ұлы Жеңіс Маршалы Сталин жолдасқа арналып отырады. Совет халқы, бүкіл дүние жүзі ұлы Сталинге алғыс айтуда. Сталиннің данышпандығы әділ ісіміздің салтанат қуруына, жеңіске, бейбіт еңбекке жеткізді.

Жеңіп шыққан ұлы совет халқы Жеңіс Мерекесін, біздің әділ ісіміздің салтанат кұрған күнін мақтанышпен мерекеледі. Еліміздің таңдаулы ұлдары мен қыздары осындай салтанат күніне жету үшін аянбай шайқасып, жанкыярлық еңбек еткен болатын. Быйылдан бастап 9 май күні, Отан соғысының жеңіспен аяқталған хасиетті күні болып, совет халқының, бүкіл адамзаттың ең қас дұшпаны — герман фашизмің жеңіп шыққан салтанатты мереке кұрған күні болып тарихтан орын алады.

Ақын Демьян Бедный Жеңіс Мерекесінің маңызын өте жақсы айтты:

Жау сынды: қыйратылды соғыс күші,
Масқара болды жаудың мақтанышы.
Жеңіске жетті адамдық, өскен өркен,
Тойлады жер жүзінің әділ ісі!

Советтің ұлан-байтақ жерін жұртышылық кенелген қуаныш кернеді. Кремльден бастап, алыстағы Арктикада қыстаушыларына дейін жеңімпаз халық тегіс салтанат кұрып, қуанышқа кенелді.

Адамзатты кұлиеленушілік заманға қайтару катерін, адамзат мәдениетін жою катерін төндірген Гитлер Германиясы кәзір жоғалды. Ендігі ең маңызды міндет соғыста қол жеткен тамаша жеңісті саяси жағынан баянды ету, халықтар арасында ұзақ өмір сүретін берік бейбітшілік орнату, демократия орнатып, оны нығайта беру болады. Осы мақсатқа жетуді камтамасыз етудің аса маңызды шарты — дүние жүзінің барлық елдерінде фашизмді моральдық-саяси жағынан біржолата талқандау болады.

Жауды жеңу күресіне орасан кұрбандық берген дүние жүзінің халықтары тарихта тұңғыш рет ұзақ өмір сүретін берік бейбітшілік орнатуға, оны барлық бостандық сүйгіш халықтардың бірлігі мен демократиясының берік іргесіне негіздеп орнатуға жол ашылып отырғанын жақсы біледі. Соғыстан бұрын фашистік шапқыншыларды ауыздықтау күресінде және оларды дүние жүзілік екінші соғыс кезінде талқандау күресінде Советтер Одағы қандай орын алғаны әлемге белгілі. Сан-Францискодағы конференцияда Сыртқы Істер Халық Комиссары В.М. Молотов жолдас өзінің сөйлеген сөзінде қолына қару алып, отанын ақырғы шегіне дейін қорғай білетін совет халқы баянды бейбітшілік орнату ісін жап-тәнімен жақтап отырғанын, халықаралық қауіпсіздіктің берік ұйымын орнатуды барынша батыл және ақырына дейін жақтауға әзір екенін айтты. Ұлы көсемі және қолбасшысы Сталин жолдас бастаған совет халқы совет мемлекетінің соғыстық-экономикалық қуатын бұрынғыдан да арттырып, күшейте беру — адамзаттың мүддесіне сәйкес бүкіл дүние жүзінде ұзақ өмір сүретін берік бейбітшілік орнатудың аса маңызды шарты болып табылатынын жақсы біледі.

Совет халқы тарихтың жаңа сатысы бейбітшілікпен өркендеу дәуіріне кірісіп отыр. Сталин жолдас еліміздің еңбекшілерін қажырлы қайратпен, ерінбей еңбек етіп елімізге соғыс түсірген жараны тезірек жабуға, совет мемлекетінің соғыстық-экономикалық қуатын бұрынғыдан да күшейте беруге шақырды. Сталин жолдасы бұл үндеуі совет халқын Отанымыздың даңқын арттыра беру жолында жаңадан ерлік еңбек етуге жұмылдырады.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтаған алғашқы күндерден бастап барлық жерде жігерлі еңбектің күшті, жаңа толқыны туды. Социалистік жарыстың туы бұрынғыдан да жоғары көтерілді, фабрикалардағы, заводтардағы, кәсіп орындарындағы, колхоздар мен совхоздардың егіс даласындағы жұмыс бұрынғыдан да қызыра түсті.

Совет отаншылдары бұрынғыдан да жігерлі қыймылдап, мемлекеттік жоспарларды мерзімінен бұрын толық және асыра орындау үшін күресуде, жаңа құрылыстарды тезірек пайдалануға беру үшін, немістер бүлдіріп кеткен заводтарды, шахталарды, калаларды, селоларды тезірек қалпына келтіру үшін, халық шаруашылығының барлық саласында еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыру үшін, социалистік экономикамыз бен мәдениетімізді бұрынғыдан да гүлдендіре беру үшін күресуде.

Совет мемлекеті өндіруші күштерді үздіксіз арттыра беруге асқан шеберлігін көрсетті. Соғыс жүргізген мемлекеттердің бірде бірі мұндай дәрежеде күшті болып көрген емес. Отан соғысы кезінде қуатты заводтар, электр станциялары, домналар, рудниктер, шахталар, аса ірі өнеркәсіп орындары жаңадан қатарға қосылды. Соғыс кезінде біз еңбек өнімділігін бұрынғыдан да жоғары көтердік. Совет ғалымдары, инженеріміз, техникалық жаңа құралдар, өндірістің жаңа әдістері мен тәсілдерін тауып, техниканы жетілдірді, техниканың жаңа түрлерін тапты. Олардың бұл еңбегі өте жоғары бағаланды.

Жаңа жағдайда, бейбітшілік жағдайында совет халқының алдына ұлы және ардақты міндеттер қойылып отыр. Совет адамдары өзінің даңқты дәстүрін қолдана отырып, совет үкметі мен Ленин-Сталин партиясы белгілеген шараларды асқан бірлікпен тез іске асыруда, төртінші соғыс заемын тарату жөнінде үкметтің шақыруына бір кісідей боп жазылумен жауап берді. 25 миллиард сом мөлшерінде шығарылған төртінші соғыс заемы қысқа мерзім ішінде 1 миллиард 384 миллион сом артығымен таралды. Заемға жаппай жазылып, совет халқы отанына деген сүйіспеншілігін, Сталин жолдас бастаған совет үкметіне берік сенетіндігін тағы айқын көрсетті.

Қазақ ССР Финанс Халық Комиссариатының мәліметі бойынша, қазақ республикасында мемлекеттік төртінші соғыс заемы 928 миллион сомға таратылып, белгіленген жоба 105 процент орындалды.

Заемға жазылудың қорытындылары елімізде моральдық саяси өрлеудің орасан күшейіп отырғанын ыспаттайды. Совет адамдары халықпен социалистік мемлекеттің мүдесі ортақ екенін жақсы біледі. Советтер Одағының еңбешілер бұқарасының заемға жазылуда көрсеткен бірлігінің түпкі тамыры осында.

Көп ұлтты Советтер Одағының барлық халықтарымен бірге қазақ халқы да қаһарман Қызыл Армияның, советтік мемлекетіміздің фашистік Германияны жеңіп шығуына үлкен үлес қосты.

Советтік отанымыздың жауды жеңіп шығуына көмектесу үшін Қазақ ССРның жұмысшылары, колхозшылары мен интеллигенциясы қажымай-талмай, кейде тіпті дем алмай, жанқиярлық еңбек етті. Ұлы Отан соғысы күндерінде Қазақстан Советтер Одағының, айбынды арсеналы, майданды қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен жабдықтайтын айбынды ордасының бірі болды. Советтік Қазақстанның адал ұлдарының көрсеткен ерлігі Ұлы Отан соғысының тарихынан өшпес орын алады. Қазақ халқы социалистік отанға шын сеніммен, адал ниетпен қызмет етеміз, неміс-фашист басқыншыларды еліміздің жеңіп шығуына барлық күшімізді аянбай жұмсаймыз деп ұлы көсеміміз, совет халқының данышпан қолбасшысы Сталин жолдасқа берген сергія аброймен орындады. Менменсіген фашистік айуанды біржолата жеңген совет халқының тарихи мерекесі күндерінде советтік Қазақстанның еңбекшілері де шексіз шаттыққа, қуанышқа бөленді.

Еліміздің бейбітшілікпен дамуы жағдайында қазақ халқы Қазақ

ССРның даңқты 25 жылдық мерекесін қарсы алғалы отыр. Үстіміздегі жылы күзде болатын бұл мерекені табыспен қарсы алу үшін республикамыздың еңбекшілері бүкіл халықтық социалистік жарысты кең өрістетті. Советтік Қазақстанның еңбекшілері республикамыздың халық шаруашылығы мен мәдениетін бұрынғыдан да өркендете беру жөнінде мереке алдында қабылдаған міндеттемелерді совет отаншылдары жалынды жігермен орындап шығу үшін күресетіндігін бір ауыздан білдірді.

Қазіргі ең маңызды міндет партия мен үкметтің мал шаруашылығын өркендету, ауыл шаруашылық егістерін бітік өсіріп, онан жеңіске сай мол өнім алу жөніндегі қарарларын орындау болады.

Қабылдаған міндеттемелерді большевиктік жігермен толық және асыра орындап, Қазақ ССРның даңқты 25 жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алайық, социалистік ұлы Отанымыздың даңқын арттыра берейік, оның соғыстық — экономиялық қуатын күшейте берейік!

Владимир Ильич Ленин — большевиктер партиясы мен совет мемлекетін орнатушы

Ф. Сафонов

Асқан ой иесі, революцияның данышпаны, большевиктер партиясы мен совет мемлекетінің орнатушы көсемі — В. И. Лениннің туғанына 1945 жылғы 22 апрелде 75 жыл толды.

Лениннің мәңгі өшпейтін ғылымы мен ісі тарихи ұлы жеңістерге жеткен күндерде әрбір азамат Ильичті, оның өмірін еске түсіреді, оның жұмысшы табымен еңбекшілер бұқарасының мүдделері үшін, отанымызды социалистік негізге қайта құру үшін жүргізген революциялық күресін еске түсіреді.

Адамзаттың таңдаулы ақыл иелері бай мен кедей, қанаушылық пен езушілік болмайтын қоғамды арман етті. Бірақ, олар осындай қоғамға бастайтын жолды, жаңа тұрмыс орната алатын әлеуметтік күшті білмеді.

Маркс пен Энгельс адам қоғамын революциялық жолмен қайта құру туралы ғылым шығарды. Өздерінің теориясында бұлар, дүние тұрмысын өзгерту, пролетариат диктатурасын орнату, социалистік қоғам құру күресінде пролетариаттың қолына қуатты құрал беруді көздеді. Маркс пен Энгельс өздерінің шығармаларында капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігін терең ғылыми жолмен, революцияшылдық жігермен дәлелдеп көрсетті, капитализмнің көрін қазатын, жаңа қоғам орнататын пролетариаттың тарихи міндетін көрсетті.

Маркс пен Энгельс дүниенің тұрмысын революциялық жолмен қайта құруды хажет деп тапты, мұны алдан болжады, бірақ олардың бұған қолма-қол басшылық етуіне жазбады. Маркс пен Энгельс монополиялық капитализмнен бұрынғы дәуірде, капитализм өрлеп келе жатқан дәуірде, «пролетарларды революцияға дайындау дәуірінде, пролетарлық революцияның турадан тура практика жүзінде болмай қоймайтын кезіне жетпеген дәуірде қызмет етті». (Сталин, Ленинизм мәселелері, XI басылуы, 4-бет) өмір сүрді және сол дәуірде революция үшін күресті.

Владимир Ильич Ленин басқа тарихи жағдайда өмір сүрді, күресті. Ол капитализмнің монополиядан бұрынғы дәуірі аяқталып, оның дамуында жаңа дәуір — империализм дәуірі, дүние жүзін қайтадан бөлуді көздеген империалистік соғыстар дәуірі, пролетарлардың буржуазияға қарсы қатты ұрыстарының дәуірі, социалистік революцияның жеңуін көздеген ұрыстардың дәуірі басталған кезде саяси күрес майданына шықты.

Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін II Интернационалдың көрнекті басшылары марксизмді дамытпағаны былай тұрсын, қайта оны барынша бұрмалауға тырысып, Марксизмнің өңін айналдырып, оның революциялық мәнін жоюға тырысты. Олар социал-демократ партияларын азғындау, әлеуметтік революция партияларын болудан қалып, әлеуметтік реформа партияларына айналу, буржуазияның жұмысшы табы ішіндегі тірегі болу, социалистік революцияға дұшпан болу жолына бастады.

Сондықтан оппортунизмге, II интернационалдың реформизміне қарсы рақымсыз күресу «ленинизмнің ең маңызды міндеттерінің бірі болмай қоймайды». (Сталин, бұл да сонда, 4-бет) Тарихи жаңа дәуірде жұмысшы табының жаңа түрдегі идеологі және көсемі болған Ленинге істің бәрін қайта қарап, «II Интернационалдың барлық арсеналын тексеріп, қарап шығып, тот басқан, ескірген, жарамсыз құралдарын дақтырып тастап, қарудың жаңа түрлерін шындап жасап шығару қажет болды. Бұл сыяқты алдын-ала істелген іс болмаса, революциялық жаңа айқасуда

пролетариаттың қаруы тапшы болып қалуы, не болмаса тіпті құр қол болып қалуы мүмкін еді.

II Интернационалды бастан-аяқ тексеріп, оның аяғына аяқ қора-сын бастан-аяқ тазарту аяғы ленинизмнің үлесіне тиді» (Сталин, бұл да сонда, 10-бет).

Сталин жолдас Лениннің бұл міндеті, марксизмді қалпына келтіру міндетін орындаумен қанағаттанбағанын, ол марксизм қазынасына жаңалық қосқанын, сөйтіп, марксизмді онан әрі дамытып, байытқанын көрсетті. «Маркс пен Энгельстің айтқандарымен салыстырғанда, империализмнен бұрынғы капитализм дәуірінде не айтуға болатын болса, сонымен салыстырғанда, — деді Сталин жолдас, — Ленин марксизмнің жалпы қазынасына кейбір жаңалық қосты, оның бер жағында, Лениннің марксизм қазынасына қосқан жаңалықтары Маркс пен Энгельстің принциптеріне түгелімен, толық сүйенеді деген сөз. Империализм мен пролетариат революциялары заманының марксизмі деп ленинизм туралы бізде міне осы мағнада айтылады». (Ленинизм мәселері, X басылуы, 201 бет).

Сталин жолдас ленинизмнің не екенін мындай сөздермен мінсіз айқындап берді: «Ленинизм дегеніміз — империализмнің және пролетарлық революцияның заманындағы марксизм. Дәлірек айтқанда: ленинизм дегеніміз тұтас алғанда пролетарлық революцияның теориясы мен тактикасы, әсіресе пролетариат диктатурасының теориясы мен тактикасы». (Ленинизм мәселелері, XI басылуы, 4-бет).

Ленинизмді анықтаған бұл сөздерінде Сталин жолдас ленинизмнің тарихи тамырларын, ленинизм интернационалдық ғылым екенін, ленинизм Маркс және Энгельс ғылымымен біте қайнасқанын көрсетті.

Маркс пен Энгельс сыяқты Ленин де адамзаттың мәдениеті мен білімінің шыңына шыққан адам болды, ол ғылымға жаңалық енгізді, ғылымда үлкен өзгеріс жасады, ғылымға жаңа жолдар ашқан ұлы ой иесі болды. Ол марксистік теорияны өмір қағидаларының жыйнағы деп танымай, бір орында тұрып қалмайтын және қала алмайтын, қайта өзінің дамуында жаңа тәжірибемен, жаңа қағидалармен молайып, онан әрі өрлей беретін ғылым деп таныды.

Жаңа дәуірде жұмысшы табының азаттық жолындағы экономикалық саяси және теориялық күресінің жаңа жағдайлары туды. Жұмысшы табына басшылық етіп, өзгерген тарихи жаңа жағдайларда оны жеңіске жеткізу үшін капиталистік қоғамның дамуының жаңа шарттарын, пролетариаттың өзін азат ету, дүние жүзінің тұрмысын қайта құру жолындағы күресінің жаңа жағдайларын түсіну, оларды теория жағынан қорыту, жаңаша баяндау қажет болды. Маркс пен Энгельстің ғылымын онан әрі дамытқан, жұмысшы қозғалысына басшылық еткен, Ресейдің жұмысшы табын социалистік революцияның жеңісіне, пролетариат диктатурасының орнауына жеткізген Владимир Ильич бұл міндетті орындап шықты.

Империалистік дәуірдің бас кезінде-ақ Ресейде революцияның толғағы піскен еді. Революциялық дәуір революцияшыл партия құруды керек қылды. Владимир Ильич Ленин бұл міндетті асқан шеберлікпен орындады. Ол Сталин жолдаспен бірге, орыстың соғыс-феодалдық империализмі жағдайында, помещик-полиция әкіметі бостандық туралы ой-пікірдің бәрін қаталдықпен басып отырған жағдайда, арпалысқан астыртын күрес жағдайында пролетариаттың революцияшыл партиясын құру үшін дамылсыз күресті. Ленин партияны жұмысшы табының негізгі қаруы деп таныды, мұндай қару болмаған жерде еңбекшілерді капитализмнің құлдығынан құтқаруға, социализм орнатуға мүмкіндік жоқ деп таныды. Ленин: пролетарлық партия-өкмет билігін қолға алып, бүкіл халықты социализмге бастай алатын, жаңа қоғамдық құрылысқа бағыт көрсетіп, оны ұйымдастыра алатын, өздерінің тұрмысын социалистік негізге құру ісінде еңбекшілердің ұстазы, басшысы, көсемі бола алатын «пролетариат авангарды деп үйретті.

Ленин жаңа түрдегі партияны, социалистік революцияның партиясын, қалың бұқарамен тығыз байланысты, қалың бұқараға жетекші болып, жол көрсетуші партияны құрды. Ленин партиямызды — бір тілекпен, берік саналы тәртіппен бас қосқан, бірлігі күшті жауынгер ұйым етіп топтастырды. Ленин партияны жұмысшы табының жауларына қарсы күресте шынықтырды, оны тап күресі туралы, пролетарлық революция туралы, коммунистік қоғам орнату туралы ғылыммен қаруландырды.

Маркс пен Энгельс революцияшыл партия құру үшін күресті, бірақ бұлар ол кезде тарихи жағдайлардың өзгеше болуы себепті, мұндай партияның тек жобасын ғана белгіледі. Ленин Маркс пен Энгельстің партия туралы негізгі жобаларына сүйене отырып, партия туралы қай жағынан болса да екшелген, қалыптасқан сыналған ғылым шығарды.

«Не істеу керек», «Бір адым ілгері, екі адым кейін», «Демократиялық революцияда социал-демократияның екі тактикасы», «Материализм және эмпириокритицизм» деген тамаша шығармаларында Ленин большевиктік партияның идеологиялық, ұйымдастырушылық, тактикалық және теориялық негіздерін ғылыми жолмен дәлелдеп, белгіледі.

Лениннің партия туралы ғылымы кейіннен БК(б)Пның қалаулы негізі болды. Жұмысшы табын сеніммен алға бастау, оған дұрыс басшылық ету, революциялық күрестің дұрыс стратегиясы мен тактикасын көрсете білу үшін, пролетариат партиясы қоғамның даму заңдарын білу керек, жағдайды айырып, қазіргі оқығалардың қалай және қай бағытпен дамуын ғана емес, оның үстіне бұл оқығалардың келешекте қалай және қай бағытпен дамытынын біліп отыруы керек деп үйретті Ленин. «Революциялық теория болмаған жерде, — деп үйретті Ленин, — революциялық қозғалыс болуы мүмкін емес... Алға бастаушы жауынгердің міндетін тек озат теорияны қолданған партия ғана орындай алады» (Ленин, IV том, 380-бет).

Ленин мен Сталин топтастырған большевиктер партиясы революциялық оқығаларға бай тарихи дәуірді, даму дәуірін, жұмысшы табының жауларына қарсы, социализмнің жауларына қарсы күрес дәуірін бастап өткізді. «БК(б)П тарихы — үш революцияның: 1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық революцияның, 1917 жылғы февральдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның және 1917 жылғы октябрьдегі социалистік революцияның тарихы» («БК(б)П тарихының қысқаша курсы», 3 — 4-беттер),

Маркс пен Энгельстің ғылымын онан әрі өркендетуші кемеңгер Владимир Ильич Ленин большевиктер партиясын теорияның ұлы өзгеріс жасау міндетін марксистік тұрғыдан тану рухында тәрбиеледі. Ленин революциялық теория мен революциялық практика арасындағы тығыз байланысты атап көрсетіп, теорияны жете бағаламаушылыққа қарсы, тар өрісті іскерсіңгендікке қарсы күресті, Маркс пен Энгельстің ғылымын өркендету, марксизмді жүзеге асыру үшін күресті.

Ленин Маркс пен Энгельстің жолын қуғандар «марксизмнің негізгі қағидаларын өзгерген жағдайға және әр елдердің жергілікті өзгешеліктеріне бейімдеп» (Шығармалар жыйнағы, III том, 499-бет) дамытуы керек екенін көрсетті. Маркстің жолын қуғандарды марксизмді онан әрі дамытуға шақырып, Ленин: «Бұл теорияны талдауға және қолдануға шамасы жеткенше қатынаспайынша, социалис болу, революцияшыл социал-демократ болу мүмкін емес» деп жазды (XVIII том, 298-бет).

Маркстің революциялық теориясына көз қарасын және орыс социал-демократтарының міндеттерін Ленин мынадай сөздермен сипаттады: «Біз Маркстің теориясын тіпті де әбден қалыптасқан, енді қол тигізуге болмайтын бірнәрсе деп танымаймыз, қайта біз оны, егер өздері тұрмыстан артта қалып қойғысы келмесе, социалистер онан әрі алға бастыратын ғылымның тек ірге тастарын қалаған теория деп таныймыз. Маркстің теориясын өз бетімен талдау әсіресе орыс социалистеріне өте қажет»

деп ойлаймын, өйткені бұл теория, мәселен Германияға қарағанда Англияда басқаша, Ресейге қарағанда Германияда басқаша қолданылып отырған жалпы басшылық қағидаларды ғана көрсетеді» (II том, 514-бет).

Лениннің шығармалары және оның революция жолындағы еңбегі ғылым зерттеудің, данышпандық көрегендіктің, батылдығымен ұлы революциялық өзгеріс жасаудың шын үлгілерін көрсетті.

Лениннің 1894 жылы жазылған алғашқы теориялық зор еңбегі — «Халық достары деген кімдер және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі» деген шығармасы революциялық марксизмнің мінсіз шығармасы, орыс социал-демократтарының программалық документі, марксизмді орыс елінің тұрмысында қолданудың және оны ғылым жолымен зерттеудің асқан үлгісі болып табылады. Бұл шығармасында Ленин бір жағынан, халықшылдардың көз қарастары мен саяси программасын қай жағынан болса да күйрете, тереңнен сынады, екінші жағынан, орыс социал-демократтарының негізгі теориялық және саяси міндеттерін көрсетті. Ленин өзінің бұл кітабында жұмысшы табының күрес жолын данышпандықпен көрсетті, оның революциялық қозғалысқа басшы болу міндетін, шаруалардың патша үкіметіне қарсы күресте жұмысшы табына одақтас болу міндетін белгіледі.

Ленин данышпандықпен: «Барлық демократияшыларды бастап күреске шыққан орыс жұмысшысы патша үкіметін құлатып, орыс пролетариатын (барлық елдердің пролетарларымен қатар) ашық саяси күрестің тура жолымен жеңімпаз коммунистік революцияға бастайды» деп жазды (I том, 194-бет).

Революциялық ғылымның шын өкілі, жұмысшы табының көсемі болған Ленин орыс елінің бірінші революциясы күндерінде өзінің «Демократиялық революцияда орыс социал-демократтарының екі тактикасы» деген кітабында 1905 жылғы революцияның қозғаушы күштерінің сипатына және келешегіне ғылыми жолмен терең баға берді, пролетарлық партияның тактикасын белгіледі. Буржуазиялық және демократиялық революцияға пролетариаттың басшы болу идеясы, жұмысшы табының шаруалармен одақ жасау идеясы, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру идеясы Лениннің барлық шығармаларының желісі болып отырды.

Марксистік партияның теориялық негіздері — диалектикалық және тарихи материализмге Ленин орасан зор маңыз берді. Лениннің «Материализм және эмпириокритицизм» деген шығармасы марксистік философияның негізгі принциптерін қозғаудың және бұл негіздерді онан әрі дамытудың асқан үлгісі болды. Философиялық қаруы болмайынша жұмысшы табы және оның революцияшыл партиясы «буржуазиялық идеялардың тегеурініне және буржуазиялық дүниеге көз қарастың қайтадан бас көтеруіне қарсы» (XXVII том, 187-бет) ойдағыдай күресе алмайтынын Ленин негізге алып отырды.

Бұл шығармасында Ленин марксизмнің философиялық негіздерін өзгертушілердің, махистердің, эмпириокритиктердің, жаңа кантшылдардың және буржуазияның басқа идеялістік философиялық ағымдарын жақтаушылардың реакцияшылдық, идеялістік мәнін әшкереледі, марксистік-философиялық материализмді қорғап ғана қоймай, оның үстіне диалектикалық материализмді онан әрі дамытты, оны жоғары сатыға көтерді. Энгельстің қайтыс болуынан бергі ғылымның табыстарын, әсіресе табиғат тану ғылымының табыстарын қорытты. Ленин өзінің шығармасында «диалектикалық және тарихи материализм коммунизмнің теориялық іргесі, марксистік партияның теориялық негіздері болып табылатынын» көрсетті («БК(б)П тарихының қысқаша курсы», 99-бет).

Дүние жүзілік бірінші соғыс кезінде Ленин қорамдық ғылымда асқан тарихи жаңалық, бұрынғы түсініктердің бәрін күйрететін, марксизмнің революциялық ғылымын алға бастыратын жаңалық ашты. Марксизм-

нің негізгі қағидаларына сүйене отырып, ұлы данышпан революционер империализмді екжей-текжейіне дейін талдады, империализм-капитализмнің ақырғы кезеңі, социалистік революцияның қарсаңы екенін дәлелдеп көрсетті.

«Европадағы Құрама Штаттар ұраны туралы» мақаласында Ленин империализм дәуірінде капитализмнің шаруашылық және саясат жөнінде бір келкі дамымайтынын анықтады, социализмнің капиталистік дербес бір елде жеңуі мүмкін деген қорытынды шығарды. Социалистік революцияның қалыптасқан бұл жаңа теориясы Маркс пен Энгельс шығарған социалистік революция теориясының орнын басты. Маркс пен Энгельс өмірінің ақырына дейін, революция капитализмнің барлық негізгі елдерінде тек бір жолы жеңуі мүмкін, социалистік революцияның бір елде жеңуі мүмкін емес деп келді. Сталин жолдас: «Монополиялық капитализмнен бұрынғы дәуірде социализмнің жеке елдерде жеңуі мүмкін емес деп келінді және бұл ол кезде мүлде дұрыс еді» деді (Коминтерн Аткару Комитетінің VII пленумының стенографиялық есебі, II том, 309—310 беттер).

Творчестволық марксизмнің өкілі болған Ленин Маркстің әдісін қолдана отырып, марксистік анализ бойынша, империализмді капитализмнің ақырғы — кезеңі деп дәлелдеді, мұнан социализмнің жаңа дәуірде бір елде жеңуі мүмкін деген қорытынды шығарды.

Сталин жолдас бұл туралы былай деп жазды: «Лениннің ұлылығы жаңа формуланың керектігі туралы, пролетарлық революцияның жеке елдерде жеңу мүмкіншілігі туралы мәселені ашық, тайсалмастан, адалдықпен, барлық елдердің оппортунистері өздерінің оппортунистік ісін Маркстің және Энгельстің атымен бүркеуге тырысып, ескі формулаға жармасуынан қорықпастан алға қоя білгендігінде» (Оппозиция туралы жыйнақ, 339-бет).

Социализмнің бір елде жеңу мүмкіншілігі туралы Лениннің теориясы толығынан жүзеге асты, Советтер Одағында социализм орнатудың тәжірибесі бойынша толық ыспатталды.

1917 жылы февральда Ресейде патша үкметін құлатқан буржуазиялық-демократиялық революция жасалды. Меньшевиктердің, эсерлердің ризалығымен мемлекеттік өкмет билігі буржуазия қолына көшті. Буржуазия империалистік соғысты жүргізе беруді, Ресейде буржуазиялық тәртіп орнатуды көздеді.

Узақ уақыт шет елдерде болған В. И. Ленин 1917 жылғы 3 апрельде (ескі стильмен) Ресейге қайтты. Келген күннің ертеңіне Ленин өзінің даңқты Апрель тезистерін жариялады, бұл тезистерінде большевиктер партиясына, жұмысшы табына буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластырудың нақтылы жоспарын берді.

Марксизм теориясын негізге ала отырып, орыс еліндегі екі революцияны зерттей отырып, Ленин мемлекеттік өкмет билігін Советтер қолына алу ұранын жариялады. «Бізге парламенттік республика керек емес, — делінді Апрель тезистерінде. — жұмысшылар депутаттары советтерінен оған қайтып оралу кері кеткендік болар еді, — бізге бүкіл елімізде, төменнен жоғарыға дейін, жұмысшы, жалшы және шаруа депутаттары советтерінің республикасы керек» (XX том, 88-бет).

Мемлекеттік өкмет билігін советтер қолына алу, советтер республикасын құру туралы Лениннің ұраны марксизмнің теориясы мен практикасындағы жаңа қағида, ғылыми жаналық болды. Лениннің: Советтер Пролетариат диктатурасының негүрлым жақсы саяси түрі, деген қорытындысы марксизмнің бұрынғы: пролетарлық-демократиялық республика-капитализмнен социализмге көшу дәуірінде пролетариаттың саяси өкмет билігінің түрі — деген қағидасы орнына алынды.

II Интернационалдың оппортунистері демократиялық республика туралы бұрынғы, ескірген марксистік формулаға жармаса отырып, Ленинді

марксизмнен қашықтады деп айыптады. «Бірақ, марксизм теориясына жетілген нағыз марксшыл, әрине, оппортунистер емес, Ленин еді, өйткені Ленин маркстік теорияны, жана тәжірибелермен байытып, ілгері бастырды, ал оппортунистер ол теорияны кері тартты, оның ережелерінің бірін догмаға айналдырды». («БК(б)П тарихының қысқаша курсы», 369—370 беттер).

Советтер түріндегі социалистік мемлекет туралы мәселені Ленин 1917 жылдың жазында өзінің «Мемлекет және революция» деген тағамша теориялық шығармасында талдап тексерді. Бұл кітабында Ленин II Интернационал оппортунистерінің марксизмді, оның негізгі қағидаларын бұрмалаған жерлерінің бәрін ашық көрсетті, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы Маркс пен Энгельстің ғылымын онан әрі дамытты, большевиктер партиясын және жұмысшы табын Ресейде пролетариат диктатурасын орнату күресіне шақырды, социалистік мемлекет, коммунистік қоғам құрудың жолын көрсетті.

Саяси қарсы адамдардың бәрі оның ішінде білімпаздар да Ленинге қарсы шықты, оның социалистік революцияға даярлану және Ресейде социалистік революция жасау туралы мәселені батылдыкпен, революцияшылдықпен, ғылыми жолмен алға қоюына қарсы шықты. «Бірақ Ленин, — деді Сталин жолдас, — ағымға, кертартпалыққа қарсы шығудан қорықпады. Ақырында Ленин жеңді.

Ескірген ғылымға қарсы батыл күрескен, жана ғылымға жол ашқан ғылым қайраткерінің үлгісі міне осы» (Сталин, 1938 жылғы май айында Жоғарғы мектеп қызметкерлерін қабылдау мәжілісінде сөйлеген сөзі).

Ленин марксизмнің данышпан теорияшысы болып ғана қоймай, оның үстіне жұмысшы табының асқан көсемі болды. Онда ой иесінің теориялық күші мен пролетарлық қозғалыс көсемінің іскерлік, ұйымдастырушылық тәжірибесі ұштасып келетін. Сталин жолдас: «Ленин революция үшін туған адам. Ол шынында революциялық жігердің данышпаны және революциялық басшылықтың асқан маманы болды» деді.

В. И. Лениннің басшылығымен жұмысшы табы және кедей шаруалар 1917 жылғы октябрьде елімізде буржуазия өкметін құлатып, совет өкметін орнатты. Ленин мен Сталин ұйымдастырған және сол екеуі көсемдік еткен ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзаттың тарихында жаңа дәуірлі бастады. «Жер жүзінің бір түкпірінде, капитализм деген жауыз айуанды ең алдымен өзіміз құлатқанымызға мақтануға және өзімізді мұның үшін бахытты деп санауға хақымыз бар...» (XXIII том, 109-бет).

Ленин совет мемлекетін орнатуды Октябрь Социалистік революциясының негізгі міндеті етіп белгіледі. Владимир Ильич Ленин: «Ресейде біз қазір пролетарлық социалистік мемлекет орнату ісімен шұғылданыуымыз керек» деді (XXII том, 54-бет).

Ленин дүние жүзінде пролетариат диктатурасының алғашқы мемлекетін орнатты және өзі бұған басшылық етті. Ол: «Адамзат социализмге басқа жолмен емес, тек пролетариат диктатурасы арқылы ғана жетеді» деп жазды. (XXIV том, 291-бет). Совет өкметі, пролетариат диктатурасы — таптық қоғамдағы демократияның ең жоғарғы түрі, өйткені советтік демократия-еңбекшілерге керекті демократияның ең толығы.

Пролетариат диктатурасы — жұмысшы табының пролетариат бастаған еңбекші шаруалар бұқарасымен таптық одағының ерекше түрі екенін Ленин дәлелдеп көрсетті.

Коммунист партиясы басшылық етпеген жерде пролетариат диктатурасының жеңуі, оның жүзеге асырылуы, коммунистік қоғамның орнатылуы мүмкін емес деп үйретті Ленин.

Ленин — социалистік мемлекеттің қарулы күштерінің ұйымдастырушысы және басшысы, азамат соғысы және шет елдердің басқыншылығы жылдарында елімізді қорғау күштерінің басшысы болды. Сталин жолдас

Октябрь Социалистік революциясының XXIV жылдығы күні Москвада Қызыл алаңда сөйлеген сөзінде: «Ол кезде 14 мемлекет бізге жабылған еді. Бірақ біз мұнайын, еңсеміз түскен жоқ. Біз ол кезде соғыс өрті ішінде Қызыл Армияны ұйымдастырып, елімізді соғыс лагеріне айналдырдық. Ол кезде кеменгер Ленинің рухы бізді қайраттандырып, интервенттерге қарсы соғысқа жұмылдырды. Ал содан? Біз интервенттерді талқандадық, айырылған жеріміздің бәрін қайтып алып, жеңіп шықтық» деді.

Азамат соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Ленин Октябрь Социалистік революциясының табыстарын сақтап қалу, совет республикасы еңбекшілерінің бостандығы мен тәуелсіздігін, шаруашылық және мәдениет майданында өркендеуін, әл-ауқатының артуын қамтамасыз ету үшін нешеме ғасырлық мешеулікті жойып, совет елінде социализм орнату керек екенін көрсетті. Мұнымен бірге Владимир Ильич большевиктер партиясының басшылығымен совет халқы елімізді өнеркәсіпті қуатты мемлекетке, жеңген социализм еліне айналдыруына қатты сенетіндігін білдірді.

Совет мемлекетін орнатушы кеменгер Ленин империалист мемлекеттердің елімізге соғыс ашатындығы сөзсіз екенін күн ілгері болжады. Ол империалист айуандармен іргелес отырғанда совет республикасы олардың шабуылынан сақтанып күтініп отыруға тиіс екенін көрсетті. Ленин партиямызды және совет халқын бұған даярлануға, совет мемлекетін қорғау күшімізді нығайта беруге шақырды.

Ленин империалист айуандармен екі арада соғыс болмай қалмайтынын ғана емес, герман империализмінің дүние жүзілік жаңа соғыс өртің тутандыруға тырысатынын да алдын-ала болжады.

Владимир Ильич 1924 жылғы 21 январьда қайтыс болды. Маркс пен Энгельстің ғылымы мен ісін алға бастырған кеменгер, өзінің мәңгі өшпейтін істерімен дүние жүзілік тарихта жаңа дәуірді бастаған революцияшыл ақыл иесі арамыздан кетті. Ленин өзінің еңбек еткен өмірінің бәрін жұмысшы табының ісі жолына, оның мүдделері үшін күресу жолына жұмсады. Ленин қандай да болса езушілікке, тонаушылыққа қарсы күресті, адамзаттың қоғамын революциялық жолмен қайта құру үшін, адамзаттың бахыты үшін, коммунизмнің орнауы үшін, күресті. Ленинің өлімі совет халқы үшін, дүние жүзінің еңбекшілері үшін үлкен қаза болды. Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті Владимир Ильич Ленинің қайтыс болуына байланысты Советтер Одағының барлық еңбекшілеріне арнаған үндеуінде: «Маркс қайтыс болғаннан бері ешуақытта ұлы азаттық қозғалысының тарихында біздің мархұм көсеміміз, ұстазымыз, досымыз сыяқты ұлы адам болып көрген емес» деп жазды.

Ленинің сенімді серігі және оның ісін алға апарушы Сталин жолдас ұстазының табыты алдында партия мен совет халқы атынан оның өсиеттерін бұлжытпай орындауға, ленинизм туын жоғары ұстауға, совет халқын Ленин жолымен социализмнің жеңісіне тура бастауға серт берді. Сталин жолдас совет халқын Ленин жолымен социализмге бастады.

Сталинің басшылығымен совет халқы Советтер Одағында социализм орнатты, елімізді өнеркәсіпті және колхозды қуатты мемлекетке айналдырды.

Лениндік — Сталиндік ұлт саясатын бұлжытпай жүзеге асыру арқасында жұмысшылар мен шаруалардың көп ұлттық социалистік мемлекеті, герман фашизмнің қарақшы шапқыншыларын талқандаған жеңімпаз ұлы күшке ие болды.

Сталин жолдасының бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы алдындағы ұлы еңбегі ленинизмді сақтап қалуы үстіне, марксистік — лениндік теорияны қай жағынан болса да дамытып жаңа сатыға көтергендігінде

Маркс — Энгельс — Лениннің теориялық ұлы мұрасын дамыта отырып, Сталин жолдас социалистік құрылыс тәжірибесінде алға қойылған негізгі мәселелердің бәрін талдап шешті. Сталин жолдастың қай еңбегінде болса да теория мен практика біте қайнасып отырады.

Сталин жолдас совет елін Ленин жолымен тура бастай отырып, елімізді совет халқын саясат, соғыс шаруашылық жөнінде совет мемлекетінің жауларына қарсы күрестің қандайына болсын даярлады. Гитлер Германиясы бастаған соғыс совет халқына, совет мемлекетіне ауыр сын болды. Совет мемлекетінің бұл сынға аброймен төтеп беруі Ленин ісінің, оның мәңгі өшпейтін идеяларының жеңгендігі болды.

Совет мемлекеті өзінің мызғымайтын берік күшін көрсетті. Совет мемлекетін жоймақ болған, еліміздің және дүние жүзінің халықтарын құлдыққа салып, бүкіл дүние жүзінде Гитлер Германиясының үстемдігін орнатпақ болған жексұрын фашистердің ниеті іске аспай қалды, басқаға қазған орға өздері жығылып, гитлершілдер соғыста апатқа ұшырады, фашистік тәртіп біржолата күйреді. Лениннің жеңімпаз туы астында, Сталин жолдастың басшылығымен совет халқы соғыс дауылы ішінде өздерінің социалистік мемлекетін қорғап қалды және нығайта түсті.

Ленин совет құрылысының тұрмысқа бейімділігіне, жеңімпаздығына шексіз сенетін. Бейбіт социалистік құрылыс жылдарында және ұлы Отан соғысының ауыр сындары кезінде ыспатталған Лениннің бұл сенімі толығынан жүзеге асқанын Ұлы Октябрь Социалистік революциясының XXVI жылдығы туралы баяндамасында Сталин жолдас мынадай сөздермен айқын көрсетті: «Советтік строй бейбіт құрылыс жылдарында елдің экономикасы мен мәдениетін өркендетуді ұйымдастырудың таңдаулы түрі болып ғана қоймай, оның үстіне соғыс кезінде халықтың барлық күшін жауға соққы беру ісіне жұмылдырушы болды, соғыстың сабақтары осыны көрсетіп отыр».

Советтік құрылыс дүние жүзіндегі ең берік құрылыс болатынын, большевиктер партиясының басшылығымен еліміздің еңбекшілері орнатқан социалистік мемлекетті дүниеде ешқандай күш жеңе алмайтынын кемеңгер Ленин күн ілгері болжады. Гитлер Германиясына қарсы совет халқының Ұлы Отан соғысы Лениннің 1919 жылы данышпандықпен айтқан сөздерін толық ыспаттады: «Жұмысшылары мен шаруалардың көпшілігі өздерінің өкметін, советтік өкметті — еңбекшілер өкметін қорғайтындықтарын, жеңе қалған күнде өздерінің және балаларының барлық мәдениет игіліктерінен, адамзат еңбегінің барлық жемістерінен пайдалану мүмкіншілігін қамтамасыз ететін істі қорғайтындықтарын білген, сезген және көрген халық ешуақытта жеңілмек емес» (XXIV том, 258 — 259-беттер).

Мұнан ширек ғасыр бұрын Ленин: «Кімде-кімнің резерві, күш қоры көп болса, халқының табандылығы артық болса, соғыста сол жеңеді» деп үйретті (XXIV том, 493-бет).

Ленин мен Сталин орнатқан советтік құрылыс арқасында мемлекетіміз ұлы күшке ие болды, мұның арқасында, қай жағынан болса да Гитлер Германиясынан әлде қайда басым болып шықты. Соғыстың қандай ауыр сынына болса да төтеп берген совет мемлекеті өзінің жеңілмейтіндігін көрсетті, халықаралық майданда өзінің байланысын кенейтті, бүкіл адамзаттың қас дұшпаны — Гитлер Германиясына қарсы бостандық сүйгіш халықтардың күресіне жетекші болды.

Совет мемлекетінің бағыт көрсетуші және басшылық етуші күші — Ленин — Сталин партиясы. Большевиктер партиясы неміс-фашист басқыншыларға қарсы бүкіл халық күресінің совет халқының майдан мен елдегі ұлы жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы.

Соғыс күндерінде Ленин — Сталин партиясының беделі онан сайын күшейді, бұл партия халықпен онан сайын біте қайнасып, еңбекші-

лер Бұкарасымен байланысын онан сайын арттырды. Еліміздегі халықтардың лениндік-сталиндік достығы совет мемлекетінің сарқылмайтын күш қоры болып отыр. Ленин—Сталин партиясы совет халқына ССРО халықтарының достық идеологиясы рухында тәрбиелеп келді.

Ұлы Отан соғысы совет халықтарының туысқандығын, бірлігін, беріктігін дүние жүзіне көрсетті. ССРО халықтарының жауынгерлік достығы майданда да, елде де айқын көрінді. Қызыл Армия — еліміздегі халықтардың жауынгерлік туысқандығының бейнесі. Советтер Одағы мекендеген барлық халықтардың ұлдары Қызыл Армия қатарында қол ұстасып, жауға қарсы соғысты. Туысқан совет республикалары мен облыстардың бәрі Қызыл Армияның сарқылмайтын қару-жарақ арсеналына айналды.

Отан соғысының сабақтары лениндік — сталиндік туысқандық одаққа бас қосқан ССРО халықтары өздерінің мемлекеттік тәуелсіздігін, өздерінің бостандығын, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін сақтай алатындығын толық ыспаттады.

Барлық нәсілдер мен ұлттарды тең көрсетін советтік идеология, халықтардың достығы гитлершілдердің айуандық-ұлтшылдық, басқа нәсілдерді жек көрушілік идеологиясын толық жеңді. Мұның өзі — лениндік — сталиндік ұлт саясатының жеңімпаздық күшінің белгісі. Шет елдердің халықтарының праволары мен тәуелсіздігін хұрметтейтін совет елінің саясаты, дүние жүзіндегі іргелес елдермен және басқа елдермен бейбіт, тату тұруға даярлығы, Европа халықтарының фашистік қысымнан азат етілуіне көмек көрсетуі халықаралық майданда Советтер Одағының беделін онан сайын күшейтті. Бостандық сүйгіш халықтар Советтер Одағын өздерінің қорғаушысы, ұлт тәуелсіздігі және демократиялық тәртіп үшін күресуші деп таныды. Біздің ел дүние жүзінің мәдениетін фашистік айуандардан құтқарды, Европаның және дүние жүзінің халықтарын гитлершілдердің құлдығынан құтқарды. Бұған, Совет құрылысының сарқылмас күші, басқа елдердің бірде-бірінде болып көрмеген зор мүмкіншіліктері арқасында ғана қолымыз жетті. Біз жауды жеңгенде совет елінің қоғамдық құрылысының артықшылығы арқасында ғана емес, оның үстіне дүниеге көз қарасымыздың артықшылығы арқасында да жеңдік.

Марксистік — лениндік дүниеге көз қарасымыз фашизмнің қаратүлек күштеріне қарсы кескілескен күресте совет халқына асқан рухани күш берді. Гитлершілдердің қарақшы империализміне қарсы күресте кеменгер Лениннің ерлік бейнесі Советтер Одағының қаһарман халықтарын жігерлендіріп, социалистік отанымыздың данқы үшін ерлік істерге жұмылдырды. Германия фашизмі қай жағынан болса да талқандалды.

Гитлер Германиясына қарсы ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, ленинизмнің мерейі үстем болды. Ленин топтастырған және басшылық еткен большевиктер партиясының лениндік — сталиндік саясатының мерейі үстем болды. Фашистік Германияға қарсы совет халқының ұлы Отан соғысы бүкіл дүние жүзіне Ленин ісінің беріктігін, мәңгі өшпейтіндігін көрсетті. Владимир Ильич орнатқан, Сталин жолдас онан әрі күшейтіп, нығайтқан: советтік мемлекет құрылысы, жұмысшылар мен шаруалардың одағы, халықтардың туысқандық ынтымағы мен достығы, халқымыздың моральдық-саяси бірлігі және совет отаншылдығы, социалистік шаруашылығымыз, совет мемлекетінің қарулы күштері — мұның бәрі соғыстың ауыр сындарында өзінің беріктігін, жаңа қоғамдық құрылыстың алып күшін көрсетті.

Кеменгер Ленин совет халқына, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне таусылмайтын революциялық мұра: жеңімпаз қару — ленинизмді, қуатты большевиктер партиясын, дүние жүзіндегі ең озат совет мемлекетін қалдырды.

Лениннің есімі мәңгі ұмытылмайды, өйткені оның идеялары, оның істері мәңгі өшпейді. Жаңа дүниеге, езушілер және езілушілер болмайтын дүниеге бастап жол көрсеткен В. И. Ленинді дүние жүзінің еңбекші буқарасы хұрметпен есте тұтады. «Лениннің есімін, — деді Сталин жолдас, — еңбекшілер мен езілушілер сүйіспеншілікпен атап отыратын болды».

Ленин ғасырлар бойына, кейінгі ұрпақтардың өмірі бойына ұмытылмайды. Ленин халқымыздың ерлік күресінде, кемеңгер Сталиннің басшылығымен қол жеткен жеңістерінде мәңгі жасайды. Сталин — бүгінгі Ленин. Лениннің данышпандығын, Лениннің жігерін, Лениннің көрегендігін, Лениннің халыққа сүйіспеншілігін, коммунизм орнату күресіндегі Лениннің ерлігін дүние жүзінің еңбекшілері Сталиннен көріп отыр.

Ленин мен Сталиннің ұлы есімдері біте қайнасып, бірге өскен. Олардың есімдері асқан сүйіспеншілікпен, келешекке сеніммен аталады. Олардың есімдері сенім беріп, адамзаттың келешектегі бақытты тұрмысы үшін күреске шақырады.

«Қазақ ССРның тарихы ерте заманнан бастап қазіргі заманға дейін» кітапқа сын «Большевик» журналының 1945 жылғы 6-санында басылды. Кітаптың редакциясын басқарған М. Әбдіқалықов пен А. Панкратова. Жазған— ССРО Ғылым Академиясының Тарих институтының Алматыдағы бөлімі, ССРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы, Маркс—Энгельс—Ленин институты қазақ филиалының ғылыми қызметкерлері. Кітапты басып шығарған— Қазақтың Мемлекеттік Біріккен Баспасы. Алматы қаласы. 1943 жыл. 672 бет. Бағасы 25 сом.

Бұл сыналып отырған кітап қалың жұртшылығымыздың назарын аударды. Мұның жөні бар. Өйткені, бұл қазақ халқының тарихын жасау жөніндегі тұңғыш еңбек. Сыналып отырған кітап Советтік Шығыстағы халықтардың бірінің тарихын марксистік тұрғыдан байыптап жазу жөнінде алғашқы талап. Сондықтан, бұл жағдай бұл кітаптың ғылыми жағына өте-мөте көңіл аудару керектігін көрсетіп, оның авторлар коллективі мен редакторларына ерекше жауаптылық жүктеді.

Кітапты жазушылар (авторлар) тарихи мәліметтерді тексеруге көп еңбек сіңірген, бұрын зерттелмеген көп документтерді жыйнаған, Қазақстанның ерте заманнан біздің заманымызға дейінгі тарихы жөніндегі нақтылы мәліметтерді тәртіпке салуға тырысқан. Кітапта қазақ халқының қайдан шыққаны, қазақтың әртүрлі тарихи дәуірдегі әлеуметтік құрылысы, ұлттық-азаттық қозғалысы, Ресеймен қарым-қатынасы, Октябрь революциясы және Қазақстанның социалистік жолмен қайта құрылуы, Ұлы Отан соғысына Қазақ ССР еңбекшілерінің қаһармандықпен қатысуы сыяқты мәселелер талдап қаралған.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарының зерттелуі өте орынды. Кітапта бұл мәселе жөнінде көп мәліметтер келтірілген. Аманкелді Иманов бастаған қозғалыс дұрыс және толық көрсетілген, қазақ халқының адал ұлы, еңбекшілер ісі үшін қайыспай күрескен большевик Аманкелдінің жарқын бейнесі жақсы көрсетілген.

Қазақстан тарихының совет дәуіріне арналған бөлімі жақсы, түсінікті тілмен жазылған. Ғасырлар бойына артта қалып келген қазақ халқы аз уақыттың ішінде социализмнің данғыл жолына түсірген совет өкметінің орасан зор өзгерістер жасарлық күші бар екенін оқушы бұл кітаптан айқын көреді. Тек совет стройы ғана еңбекшілерді таптық және ұлттық езуден біржолата құтқарып, халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін, теңдік және туысқандық достық негізінде олардың экономикасы мен мәдениетінің өркендеуін қамтамасыз ете алатындығын тарих толық ыспаттап отыр.

Кітапта қазақтың халықтық өнерінің байлығы, Қазақстанның таңдаулы жазушылары, ақындары мен білімпаздары баяндалған, олардың алдыңғы қатардағы орыс және украин мәдениетімен тарихи байланысы, совет өкметі тұсында қазақ халқы мәдениетінің гүлденгені көрсетілген.

Алайда, осындай жақсы жақтары бола тұрса да, бұл кітапты жазушылар қазақ халқының тарихын тұтасынан алғанда марксистік тұрғыдан баяндай алмаған. Қазақстан тарихының аса маңызды көп мәселелері жөнінде бірсыпыра кателер жіберген.

Кітаптың негізгі кемшілігі— Қазақ ССРның тарихы бір беткей, теріс әдіспен зерттелгенінде. Тарихи материализмнің қоятын негізгі талабы— халықтардың тарихын, таптардың және тап күресінің дамуы тұрғысынан баяндау екені жалпыға белгілі. Кітапты жазушылар қазақ тарихын осы тұрғыдан баяндаудың орнына, неге екені белгісіз, басқа жолды қолданған. Олар қазақ халқының тарихы дегеннің өзін бастан-

аяқ қазақтардың ылғый өз тәуелсіздігін қорғаған күресіндегі жауынгерлік дәстүрлерінің жасалуы деп білген. Бұл кітапта сөз болған оқылғалар мен өзгерістердің бәріне осы бір жақты, демек, теріс тұрғыдан баға берілген. Тіпті, қазақ халқының тарихынан бұрынғы, арғы заманнан бастап, XV ғасырға дейінгі уақытты қамтыйтын дәуірдің өзі де кітапта тек ұлт-азаттық қозғалысы дәстүрлерінің жасалуы тұрғысынан көрсетілген. Сөйтіп, қазақ халқының өз тәуелсіздігін қорғаған күресі дәстүрлерінің жасалуын авторлар бүкіл зерттеу жұмысының желісіне айналдырған. ал, Қазақстанда экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастардың даму тарихы баяндалмай қалған.

Марксизм-ленинизм халықтардың өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресіне зор маңыз береді. Халықтардың ұлттық дәстүрлері жасалуының ерекше маңызды шарттарының бірі осы күрес болады. Мұндай мәселелерді айқындау өте хажет. Бірақ қандай халықтың болса да бүкіл тарихын, әсіресе, оның тарихы басталуы алдындағы дәуірді тек сол халықтың өз тәуелсіздігін қорғаған күресі тұрғысынан қарауға болмайды. Мұның теріс болатын себебі ең алдымен мынадан: тәуелсіздік жолындағы күрес, сайып келгенде, халықтың тіршілігі мен тарихының тек бір жағы көбінесе оның басқа халықтармен басқа мемлекеттермен қарым-қатынасына байланысты жағы ғана. Мұның теріс болатын тағы бір себебі: авторлар тарихшылардың негізгі міндеті — халықтың ішкі тіршілігін, оның қоғамдық дамуының негізгі күші болып саналатын халық тіршілігінің заттық жағдайларын ашып көрсету екенін ескермей, оның орнына өздерінің жоғарыда айтылған бағытын негізге алған. Істің шындығында, халықтың ұлт-азаттық күресінің тарихын, оның ұлттық дәстүрлерінің қалыптасуын тек сол халықтың тіршілігінің заттық жағдайларын ашу жолымен ғана түсінуге болады.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсында» былай делінген:

«...Қоғамның даму тарихы ең алдымен, өндірістің даму тарихы, ғасырлар бойы бірінің орнын бірі басып отыратын өндіріс тәсілдерінің тарихы, өндіруші күштер дамуының және адамдардың өндірістік қатынастары дамуының тарихы.

Демек, қоғамдық дамудың тарихы, сонымен бірге, — материалдық игіліктерді өндірушілердің өздерінің тарихы, еңбекшілер бұқарасының тарихы...

Демек, тарихи ғылымның ең бірінші міндеті — өндірістің заңдарын, өндіруші күштер мен өндірістік қатынастардың даму заңдарын, қоғамның экономикалық дамуы заңдарын зерттеп, ашу болады» (116-бет, қазақшасының 124—125-беттері).

Сталин жолдас 1918 жылы былай деп жазды: «Ұлт мәселесі өзі мен өзі ғана қалатын, бір қалыптан өзгермейтін мәселе емес... Ұлт мәселесі бүтіндей әлеуметтік жағдайға, елдегі өкмет билігінің сипатына, жалпы алғанда қоғамдық дамудың бүкіл жолына байланысты мәселе («Марксизм және ұлт-отар мәселесі», 51-бет, 1937 жыл).

Осыған байланысты Сталин жолдас ұлттық-азаттық қозғалыстардың революцияшылдығының басқа жағдайымен байланысты шартты нәрсе екенін айтты: «Кейбір жеке ұлттық қозғалыстардың реакцияшылдыққа соғу мүмкіншілігі қандай шартты, қандай ерекше сипатта болса. Ұлттық қозғалыстардың басым көпшілігінің күмәнсіз революцияшылдығы да осындай шартты, сондай ерекше сипатта болады» («Ленинизм мәселелері», 48 бет қазақшасының 43-бет).

Олай болса тәуелсіздік жолындағы күресті белгілі бір халықтың басынан өткен тарихи дәуірлердің бәріне бірдей қолдануға болатын тарихтан тысқарғы категория сыяқты бір нәрсеге айналдыруға, сол халықтың тарихындағы мәселелердің бәріне берілетін жауапты ашып ала қоятын төрт жағы түгел кілтке айналдыруға болар ма?

«Қазақ ССР тарихын» жазушылар, сөйтіп, өздерінің алдына қойылған міндетті орындауға қолданған әдісінің өзінде қатты қателескен. Мұндай теріс әдіс оларды қазақ халқының тарихындағы аса маңызды кезеңдерді бұрмалауға, тарихи фактыларға қайшы келуге әкеліп соққан. Теріс әдіс қолданған соң бұлай болмауы мүмкін де емес еді.

Авторлардың мұндай көзқарасы ең алдымен олардың Қазақ ССР тарихын әр дәуірге бөлуінен айқын көрінеді. Қазақстанның революциядан бұрынғы тарихын олар екі бөлімге бөлген: 1) Қазақстан халықтары тәуелсіздік дәуірінде (арғы заманнан бастап, ХІХ ғасырдың 60-жылдарына дейін); 2) Қазақстан — отар ел (ХІХ ғасырдың 60 жылдарынан ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейін). Қазақ тарихын мұндай түрде дәуірге бөлу дұрыс емес, өйткені, арғы заманнан бастап ХІХ ғасырдың 60-жылдарына дейін, істің шынында, «Қазақтардың тәуелсіздігі» баянды болған емес: бұл дәуірде жат елдер қазақ тұқымдарын талай рет жаулап алды. Мәселен, 1218 жылы қазақ тұқымдарын моңғолдар бағындырып алды. Қазақ тұқымы ХІV ғасырдың аяғына дейін, яғни 200 жылдай уақыт бойына моңғолдардың қыспағында болып келді. Моңғолдардың қысымы бағындырылған халықтарға, оның ішінде Қазақстан тұқымдарына қатты батты. Моңғол басқыншылары Орта Азияның көп қалаларын жойды егін шаруашылығын бүлдірді, егін суаратын орындарын бұзды, сан мың адамды қырғынға ұшыратты, күлдыққа түскен халықтарды аяусыз қанады. Моңғолдар өздерін асыл нәсіл «ақсүйек» деп есептеді. «Қазақ ССР тарихын» жазушылардың өздері де Моңғолдардың жергілікті елдің егін шаруашылығын ойрандап, қалаларды өртеп жібергенін, қазақтарға қатты қысым көрсеткенін айтқан. Сонымен моңғол басқыншылары Қазақстанға орасан зор зыян келтірген, оның тарихи өркендеуіне бөгет жасаған. Олай болса, қазақтар арғы заманнан бастап ХІХ ғасырдың 60-жылдарына дейін үнемі тәуелсіз болып келді деудің қандай жөні болмақ? Қазақ халқының тарихын әр дәуірге бөлгенде, авторлар моңғолдардың қазақ тұқымдарын жаулап алғанын, сөйтіп, екі жүз жыл бойына қысым көрсеткенін неге ескермеген?

Қазақ тарихын бұл кітаптағыдай әр дәуірге бөлудің мүлдем орынсыздығының тағы бір себебі — мұнда қазақ халқының тарихи дамуындағы негізгі кезеңдері анықтап көрсетілмей де қалады, қазақ қоғамы ішіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси қарым-қатынастарды зерттеу жағы елеусіз қалады, осыдан барып шын тарих бұрмаланады.

Қазақстанның тарихын қазақтардың тек өз тәуелсіздігі жолындағы күрестің тұрғысынан қарағандықтан, кітапты жазушылар қазақтардың өзінің экономикалық, қоғамдық және саяси қатынастарының дамуының шынында ойдағыдай талдап тексере алмаған, бұл жөнінде «Қазақ ССР ның тарихы» кітабында осындай талап болғанымен, ол болымсыз болып шыққан. Қазақ тұқымдарының ХІІІ, ХІV, ХV ғасырлардағы экономикалық және қоғамдық кұрылысы кітапта мүлде сипатталмаған деуге болады. Ал, бұл дәуірде зор оқыйғалар болды — моңғолдар Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алды, қазақ халқы кұралып, Қазақ мемлекеті кұрылды. Моңғолдар үстемдігінің экономикалық және әлеуметтік-саяси зардабы туралы да кітапты жазушылар өте ұшқары, ат үсті айтып, бұл дәуірде көшпелі қазақ қауымы ішінде қандай өзгерістер болғанын көрсетпеген, ХІV — ХV ғасырлардағы экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастар туралы тіпті түк айтылмаған. Сөйтіп, қазақ халқының кұралуының және қазақ мемлекетінің кұрылуының тарихи заңдылығы анықталмай қалған.

Қазақ халқының кұралуын кітапты жазушылар қалай түсіндірген? Олар мұның өзін моңғолдардың жаулап алуының нәтижесі деп түсінеді. Моңғолдар жаулап алғанға дейін, делінген «Қазақ ССР тарихында», Қазақстанды мекендеген тұқымдардың тілінде және мәдениетінде айыр-

машылықтар болды. «Моңғолдар дәуірінде шаруашылық-саясат және мәдениет жөніндегі айырмашылықтар едәуір азайды. Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарында тұқымдардың басқосқан берік бірлестігі құрылды. Ол бірлестік Ноғайлы деп аталды. Ол Қыпшақтардың бұрынғы бай мәдениетін мұрланды. Қыпшақ тұқымдарының бірлестігі қазақ халқының құралуына негіз болды» (92-бет).

Қоғамдық-экономикалық қатынастарды елемендіктен кітап жазушылар қазақ халқының құралуын ғылыми жолмен түсіндіре алмады, қазақ халқы тек сыртқы себептердің, моңғолдардың жаулап алуының нәтижесінде ел болып құралды деп қателесті. Мұндай пікір мәселені анықтамайды қайта шатастырады.

Зерттеу әдісінің теріс болуы себепті қазақ мемлекеті құрылуына жол ашқан әлеуметтік-экономикалық жағдайлары туралы мәселе де анықталмай қалған. Кітапта жазылуынша, Алтын орда құлағаннан кейін, Қазақстан жерінде Өзбек және Ноғайлы хандықтары құрылған, бұл хандықтардың ішінде бектер өзара қырқысып келген; бектердің ішінен Жәнібек хан мен Керей хан өздеріне ерген тұқымдарымен өзбек хандығынан бөлініп, жаңа мемлекет құрған, бұл мемлекет «Қазақ хандығына негіз болған» (94-бет). Автордың пікірінше, қазақ мемлекеті осылайша құрылған.

Кітапта қазақ мемлекетінің баяндылығы мен тарихи даму келешегі де дұрыс көрсетілмеген. Авторлар XV—XVIII ғасырларда Қасым хан (96—98-беттер), Ақназар (100-бет), Тәуке хан (112-бет) тұстарындағы қазақ мемлекетінің күшін асыра бағалаған. Мұнымен қатар, олар, бұл хандардың әрқайсысының ел билеген кездері арасында ұзақ уақыт өзара қырқыс болып, қазақ мемлекеті, шынында, бөлшектеліп кеткенін байқамаған. Қазақ мемлекетінің дамуын талдап тексергенде авторлар көбінесе сыртқы саяси қиыншылықтарға және көрші елдермен екі арадағы соғыстарға баса көңіл бөлген. Мұның нәтижесінде, қазақ мемлекеті баянды және қуатты мемлекет болған, ал, жеңілгенде тек іргелес мемлекеттердің қазақ елін үнемі жаулап алуға тырысуы себепті жеңілген деген жалғыз ұғым туады.

Істің шынында XV—XVIII ғасырларда қазақ мемлекеті тек жаңа құрала бастаған түрінде болатын, ол тарихи жағдайлар себебінен біркіндікке бағынған мемлекетке айнала алмады. Қазақ мемлекеті даму, құралу дәуірінде қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениетінің дәрежесі өте төмен болды, шаруашылық өте мешеу күйде (мал баққан көшпенділік, егін шаруашылығы енді ғана басталған күйде), қоғамдық құрылысы нашар күйде (рушылдық құрылыстың қалдықтары, ақсақалдық-бектік қарым-қатынас) болды.

Көшпелі тұрмыс рушылдық құрылыстың қалдықтарының сақталуына себеп болды, XV—XVIII ғасырларда бектік қалыптың жоғары түрлерінің дамуына бөгет жасады, қазақтардың тарихи ілгерілеуі едәуір бәсең болуына себеп болды. Экономикалық және қоғамдық жағынан дамуының артта қалуы себепті қазақ мемлекеті берік бола алмады және берік болуы мүмкін емес еді. Бектердің өзара қырқысуы, өзара соғысуы қазақ мемлекетін ішінен жегідей жеді. Қазақ мемлекеті үнемі бөлшектеніп, олар өзара жауласып келді. Сол себепті қазақ халқы, өзінің елдігі үшін аянбай күрессе де, жат ел басқыншыларының апатты шапқыншылығынан және құлдыққа салуынан өзін қорғап қала алмады.

Кітапті жазушылардың тарихи шындықтан қаншалықты аулақ жатқандығын мынадай мысалдан көруге болады. Қазақ мемлекетінің қуатын асыра бағалаумен қатар, олар Орта Азия хандықтары туралы былай деп жазады: «Орта Азия хандықтарының бірде-біреуі өз елінде баянды мемлекет құрылысын жасай алмады. Бұхарда да, Хиуада да, әсіресе Қоқанда өзара қырқысу күшті болды. Бұл қырқысу Орта Азия елдерінің қорғану күшін әлсіретіп отырды» (254-бет). Авторлар XIX ға-

Қазақстандағы тарихи жағдайдың маңызды оқиғаларын еске түсіріп өтсек, соның өзі де жеткілікті.

Кіші жүз Ресейге 1731 жылы бағынды. Ол кезде қазақ халқы үш мемлекетке бөлініп — Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз болып, саяси жағынан бөлшектеліп кеткен болатын. Үш жүздің арасында және бұл жүздердің өз ішінде хандыққа, ру басшылығына таласқан қырқысу ұдайы болып жатты. Бекзаттардың, ру басшыларының өзара қырқысуы Қазақстанның қорғану күшін кемітті, шет ел басқыншыларының басынуына жол ашты. Қазақтың Ұлы жүзі орнаған күннен дерлік Монғолстанның, онан кейін Жонғарияның, Қытайдың, Қоканның қолы астында болды, Орта жүз бен Кіші жүзден бөлініп қалды.

XVIII ғасырдың 20 және 30-жылдарында Жонғар ойраттары қазақ жүздерінің әлсіздігінен пайдаланып, Қазақстанды шауып алды, сан мың қазақты қырғынға ұшыратты. Бұл ауыр кезең қазақ халқы арасында осы күнге дейін «ақ табан шұбырынды жылдары» деп аталады. Ойраттар Ұлы жүзді және Орта жүздің бір бөлегін жаулап алды, Қазақстанның қалған жерін де алуға даярланды. Башкүрт және калмақ бекзаттары Кіші жүзге қайта-қайта шабуыл жасап, тонауда болды. Сөйтіп, Қазақстан шығыстағы тағылық қалыптан шықпаған мәдениетсіз мемлекеттердің толық құлдығына түсу қаупіне ұшырады. Бұл мемлекеттер жаулап алса, қазақ халқы қандай халге ұшырар еді. Мұны сол ойраттардың өздерінің мысалынан көруге болады. 1758 жылы Жонғарияны жаулап алған қытай әскерлері ойраттарды түгелінен дерлік қырып жіберді. Ойраттар сол кезден бері іргелі ел бола алмай, ат төбеліндей шағын халық болып қалды, ол мүлде кұрып кетуден тек Октябрь Социалистік революциясының арқасында ғана аман қалды.

Патшалық Ресей де Қазақстанды өзіне бағындыруға тырысты. Бірақ, тарихи ауыр жағдайда Қазақстан Ресейге қосылса, ол Орта Азия мемлекеттерінен анағұрлым мәдениетті елге қосылатын еді. Сондықтан алыстан болжаған Кіші жүздің ханы Әбілхайыр беделді билердің, халықтың қолдауымен, Ресейдің патшасы Анна Ивановнаға хат жазып, Кіші жүзді Ресейдің қол астына алуды өтінді. Кіші жүз Ресейге қосылғаннан кейін Қазақстанның бұл бөлегіне жат елдердің шапқыншылығы толығынан дерлік тоқтады. Қазақстанның Ресейге қосылуының алғашқы кезеңі осындай.

1742 жылы Жонғар ханы Қалдан Серен тағы қарақшылық жорық жасап, Орта жүзді тағы да жаулап алды. Бірақ, Орта жүзді билеген Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан осындай жорық боларын алдан болжап, 1740 жылдың өзінде-ақ Ресейге бағынуға ант берген болатын. Сондықтан, Ресей болысқаннан кейін, Қалдан Серен Орта жүзден ылажсыз кетті.

1755—1758 жылдарда Қытай әскерлері Жонғар-Ойрат мемлекетін жойды, Ұлы жүзді Қытайға бағындырды және Орта жүз де Ресеймен соқтығысты. Орта жүздің ханы Абылай сұлтан Қытайдан шошынып, оған да бағынды. Сөйтіп, Орта жүз бір жағынан Ресейге, екінші жағынан Қытайға бағынып, мұның арқасында аздап тәуелсіздігін сақтады. Бірақ, Орта жүз бір жолата Қытайдың, ал кейінірек Орта Азия хандарының бұғауына түсу қаупінде болды. Абылай өлгеннен кейін (1781 жылы) Орта жүз толығынан Ресейге қарады. Ұлы жүз Қытайдың және Қокан хандығының қол астында болды. Ресей Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Ұлы жүзді де өзіне қосты.

Қазақ елінің Ресейге мұндай қосылуына экономикалық қарым-қатынас жағынан бұрыннан жағдай жасалғанын айтып өту хажет. Қазақстан мен Ресей арасында нешеме ғасырлар бойына экономикалық байланыс, өзара қарым-қатынас болып келді. Сонымен бірге ғасырлар бойына екі елдің саяси байланысы да болып келді. Кіші жүздің Ресейге қосылуынан көп бұрын қазақ хандары патша үкіметіне хат жазып, қазақ халқы

Ресейдің қол астына алуды талай рет өтінді. 1594 жылы Тәуекел хан орыс патшасы Федор Ивановичке, 1717 жылы Тәуке хан Петр I-ге, 1726 жылы Әбілхайыр хан осындай өтініштер жасаған.

Қазақстанның Ресейге қосылуының шындығы және ол кездегі тарихи жағдай міне осындай.

Кіші жүз Ресейге қосылған кезде-ақ Қазақстанның жарым-жартысы Жонғар ойраттарының қолы астында болып, Шығыстағы тағылық қалыптан шықпаған мәдениетсіз мемлекеттердің құлдығына толық түсу қаупіне ұшырағанын көреміз. Демек, мәселе Қазақстанның тәуелсіз болуында немесе құлдыққа түсуінде ғана емес, Қазақстанды іргелес мемлекеттердің немесе мемлекеттер тобының қайсысының бағындырып алуында болды.

Аманкелді Иманов Кіші жүздің Ресейге бағынуы туралы мәселені дұрыс айтқан.

«Қазақтар, — деп жазды Аманкелді, Анна патша тұсында Ресейге бағынды. Әуелі Әбілхайыр хан тұсында Кіші жүз бағынды. Қалмақтар (ойраттар — М. М.) мен башқұрттар тыныштық бермегендіктен, Сейтқұл мен Құттымбет арқылы Петербургқа хат жіберілді. 1731 жылғы 19 февральда Анна патша елшілерді қабылдап, қазақтарды Ресейдің қол астына алу туралы Указ шығарды». (388-бет).

Кітапты жазушылар Қазақстанның Ресейге қосылуына жете айқын баға бермеген, қазақ елінің Ресейге қосылуының нақтылы тарихи жағдайларын тексермеген. Қазақ халқының өміріндегі бұл тарихи оқиғаның шын-мәнін анықтау орнына, олар көбінесе қазақ халқының қалай қосылғандығына, алданып қосылды ма, еркімен қосылды ма немесе патша үкметі Қазақстанды жаулап алды ма деген сыяқты жақтарына көңіл бөлген. Мұнымен де қоймай, олар «негізгі және ең қауіпті жау (Қазақстан үшін М. М.) патшалық Ресей болды» (189-бет) деп көріне кәсіпкерлік пікір айтып отыр. Мұнымен қатар авторлар Орта Азия хандарының, оның ішінде Қокан және Хиуа хандарының Қазақстанды өзіне бағындырмақ болған басқыншылық ниеттерін мүлдем жеткіліксіз айтқан.

Ресей Қазақстанның «негізгі және ең қауіпті жауы», ал, Қазақ елінің Ресейге қосылуы ешбір жақсылығы жоқ «басқа келген бәле» болмағанын тарихи оқиғалар айқын ыспаттап отыр. Қазақстанның Ресейге қосылуының пайдалы жақтары болғаны кітапта бірнеше жерде айтылған, бірақ, бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбеген, кітаптың авторлары қазақ елінің Ресейге қосылуының пайдалы жағына тиісті баға беруге тырыса тұрса да, бұл тарихи оқиғаға көз қарастары жалпы алғанда дұрыс болмағандықтан, олардың бұл игі ниеті де іс жүзінде жоққа шыққан. Ал, істің шынында, қазақ елінің Ресейге қосылуы нәтижесінде, қазақ халқының Ресейден көрі артта қалған, тағылық қалыптан шықпаған Шығыстағы мәдениетсіз мемлекеттердің құлдығына түсу қаупі жойылды. Ресейге қосылуы нәтижесінде, бұрын үш мемлекетке — Қытайға, Ресейге, Қоканға қарап, бөлшектеліп келген қазақ халқының басы қосылды. Қазақстанға капитализмнің снуіне шаруашылықтың жоғары түрлерінің дамуына, отырықшы болып, егін шаруашылығымен шұғылдануға жол ашылды. Бүгін байланысты қазақ халқының экономикасында және қоғамдық құрылысында үлкен өзгерістер болды. Қазақ халқының дамуы жеделдеп, тап жігінің ашылуы бұрынғы томағатұйық мешкеуліктің күйреуі күшейе түсті. Ресейге қосылғаннан кейін Қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы бөлегі ұлы орыс халқының мәдениетіне араласа бастады. Орыс мәдениеті, оның тандаулы адамдары қазақ мәдениетінің өркендеуіне күшті әсер етті, қазақтың ұлттық интеллигенциясының құралуына себепті болды. Қазақтың жазба әдебиеті шыға бастады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин сыяқты ірі жазушылар, ағартушылар қазақтың осы жазба әдебиетінің негізін қалады. Қазақ халқының бұл тандаулы ұлдарының

жазушылық өнеріне және қоғамдық қызметіне орыстың революцияшыл демократтарының, озат идеяларының күшті әсері тиді.

Қазақстан Ресейге, әрине, бір-біріне қайшы тарихи жағдайларда қосылды, патша үкметінің тонаушылық, отарлау саясатымен ұштасып жатты. Қазақ халқы бір емес, екі түрлі қысым көрді — таптық қысым және ұлттық қысым көрді. Патша үкметі ұлт араздығын мейлінше қоздырып, қазақ халқын шаруашылық, мәдениет жағынан бұрынғы артта қалған қалпында сақтауға тырысты. Патша үкметі қазақ жерін талап алу саясатын жүргізді. Патша үкметінің қысымы, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап мықтап күшейді. Патша үкметінің отарлау саясаты Ресейге бағындырылған халықтардың ұлттық-азаттық қозғалыстарын тудырды.

Бірақ, патшалық Ресейдің өз ішінде жана революцияшыл Ресей туды. Орыс жұмысшылары мен шаруалары Ресейді помещиктер мен капиталистердің қысымынан азат ету үшін күресе отырып, мұнымен бірге ұлттық қысымды жоюға ұмтылды. Орыс халқының маңдай алды демократтары мен революцияшыл күштері, Ресейдегі барлық еңбекшілердің ортақ жауы — патша үкметіне қарсы ұлттық-азаттық қозғалысты күшейтуге көп еңбек сіңірді. Қазақ халқы да патша үкметіне және жергілікті қанаушыларға қарсы талай рет көтеріліс жасады. Бұл күресте қазақ елінің бостандық сүйгіштік дәстүрі шыңдалды, орыс және қазақ халықтары арасында достық орнап бұл достық күшейе берді.

Тап күресімен ұштасып жатқан ұлттық-азаттық қозғалыстардың прогресшілдік зор маңызы болды. Сондықтан, еліміздегі халықтардың ұлттық-азаттық күресінің революциялық, прогресшілдік маңызын жоққа шығаруға тырысатын тарихшылардың (бұл жерде осы сыналып отырған кітапты жазушыларды айтып отырған жоқпыз) пікірі де мүлде теріс. Мұндай пікірдің марксистік-лениндік ғылымға түк қатысы жоқ екенін және оның ұлы орысшылық көз қарасын оңбағандық түрін дәріптейтінін көру қиын емес.

Қазақстанның Ресейге қосылуының прогресшілдік маңызы болуы қазақ халқының патшалық-қанаушылық құрылысқа қарсы ұлттық-азаттық қозғалысының прогресшілдік маңызын жоққа шығармайды, қайта оны қолдай түседі. Тарихи дамудың шын қайшылықтары осындай, ал тарихшы мұны жоққа шығаруға тырыспай, қайта оны ашып, зерттеуге міндетті. Мұнымен бірге марксистік ғылым ұлттық-азаттық күреске нақтылы тарихи жағдайлар тұрғысынан қарауды, ұлттық қозғалыстардың таптық мәнін анықтауды талап етеді. Мәселен, қазақ халқының 1916 жылғы көтерілісінің тарихи маңызы зор болды, өйткені, бұл көтеріліс патша үкметінің қуатын әлсіретіп, орыс пролетариаты мен Ресейдің шет аймақтары еңбекшілерінің күш біріктіріп, патша үкметіне және империалистік буржуазияға қарсы күреске шығуына жағдай тудызды. Буржуазияны құлатып, пролетариат диктатурасын орнатуды көздеген пролетариат күресінің езілген халықтардың ұлттық-азаттық қозғалысымен ұштасуы Октябрь Социалистік революциясының жеңіп шығуының себептерінің бірі болғаны жұртқа мәлім.

Кітапты жазушылардың кателерін талдай келгенде, Қазақстан тарихының аса маңызды көп мәселелері бұл кітапта теріс баяндалғанын көреміз. Кітап қазіргі күйінде Қазақстанның тарихын үйренуге көмектеспейді, қайта оқушылар бұқарасын аластыруы мүмкін. Кітапты негізінен түзеп, қайта бастыру керек. Қазақстанның ғылыми мекемелері бұл іске мейлінше жауаптылықпен қарайды деп сенеміз. «Қазақ ССР тарихын» жазу жөніндегі иглікті бастаманы аяқтап шығу керек.

Социалистік жарыс туралы

М. Беленев

Неміс-фашист Германиясына қарсы совет халқы жүргізген Ұлы Отан соғысы Советтер Одағының экономикалық негіздерінің жеңілмес еркін күшін бүкіл дүние жүзіне айқын көрсетіп, социалистік шаруашылықтың өмірге асқан бейімділігін көрсетті. Совет халқы соғыс кезінің қиынын жағдайында өзінің армиясын не керектің бәрімен қамтамасыз ете білді.

«Қызыл Армияның қаһармандық күресімен қатар, совет адамдарының тылдарғы жан қыярлық еңбегі, халқымыздың Отанды қорғауда теңдесі жоқ ерлік қыймылы болып тарихтан орын алады, бұлай деп айтуға дәлеліміз толық» — деді Сталин жолдас Октябрь Революциясының XXVI жылдығы туралы жасаған баяндамасында.

Соғыстан бұрынғы жердің өзінде, әресе, Отан соғысы кезінде кең өрістетілген бүкіл халықтық социалистік жарыс совет отаншыларының өндірісте барған сайын белсене қыймылдауына жол ашып отырды.

Капиталистік өндірісті дамытудың қозғаушы күші пайданы неғұрлым көп табудың соңына түсу болатыны жалпыға белгілі. Капитализм жағдайында кәсіп иелерінің арасында бәсеке күресі мейлінше қатты болып отырады. Бұл күресте неғұрлым күшті, неғұрлым ірі капиталистер, капиталистік бірлестіктер жеңіп шығады да, миллиондаған ұсақ өнеркәсіп иелері күйзеліске ұшырайды. Бұл күрестің үстінде материалдық орасан көп бағалы заттар кұрып кетеді, орынсыз жұмсалатын шығын көбейеді, мұның ауыртпалығы қалың еңбекшілер бұқарасына түседі. Капитализм өзінің дамуының ең жоғарғы сатысы — империализм дәуіріне жеткенде де бұл бәсеке тартысты жойған жоқ. Қайта, монополиялардың өз ішінде мол пайданы бөлу күресі, монополияшыл бірлестіктердің өз арасында шикі зат өткізетін базар және капиталды жұмсайтын орын үшін күресі бұрынғыдан да күшейіп кетті. Бұл бәсекеде қолданбаған әдіс, пайдаланбаған айла қалмайды. Бәсекелесушілер бірінің кәсіп орнын бірі бұлдіру, кісі өлтіру әрекеттерін жүргізуден де тайынбайды. Сонымен, мұндай бәсекенің салдарынан артта қалушылар күйзеліп, апатқа ұшырап отырады, ал, неғұрлым күштілері байып, үстемдігін нығайта түсіп отырады.

Монополия үстемдігі жағдайындағы бәсеке күрес дегеніміз «қалың бұқараның, оның басым көпшілігінің, еңбекшілердің жүзден тоқсан төңізінін талабын, жігерін, батыл бастамасын құлақ естімеген айуандықпен жаншып отыру болады. Сонымен қатар бұл жарыстың орнына финанс жұмысында азғылық, қатал үстемдік, әлеуметтік сатының жоғарғы сатысында ауыз жаласу болады» деген (Ленин—Сталин, Кәсіпшілер одағы туралы, 10 бет).

Ленин мен Сталин социализм тұсында ғана қалың бұқараның, еңбекшілердің басым көпшілігінің шаруашылық пен мәдениет кұрылысына белсене қатысып, игілікті еңбек сіңіруіне қажетті жағдайдың бәрі жасалалы деп, үйретті. Социализм тұсында тұңғыш рет миллиондаған еңбекшілердің өзін өзі көрсетуіне, өзінің қолынан келетін өнерінің бәрін өрістетуіне, бойына біткен дарындылығын жарыққа шығаруына мүмкіндік туалы. Мұның бәрін капитализм аяусыз жаншып, тұншықтырып отырады. Тек социалистік мемлекет жағдайында ғана кұрылыстың жаңа игілікті әдісін — социалистік жарыс әдісін кең өркендетуге мүмкіндік жасалады.

Коммунист партиясының ІХ съезі (1920 жылы) заводтар, аудандар, цехтар мен жеке жұмысшылар арасындағы жарыс дер кезінде жарыққа шығып отырған іс және бұл елімізде кең өрістеуге тиісті іс деді. Сол жылдардың өзінде-ақ еңбектің жаңа әдісінің дамуы басталған болатын.

Совет адамдарының еңбектегі жігерінің түпкі көзі, түпкі тамыры неде? Бұған жауапты, еңалдымен, Октябрь социалистік революциясының жеңісінің нәтижесінде елімізде болған ұлы өзгерістерден іздеу керек. «Октябрь Революциясы туғызған социалистік строй халқымызға және армиямызға жеңілмейтін ұлы күш берді» (Сталин). Өндірістің социалистік әдісі, өндірістегі социалистік қарым-қатынас Советтер Одағында өндірістік күштің өркендеуіне кең өріс берді. Арам тамақ таптардың, адамды адам қанауының жойылуы, өнім заттарын бөлудің социалистік принциптері адамзат қоғамында еңбектегі белсенділіктің артуына жол ашып, жаңа мүмкіншіліктер туғызады. Тарихта тұңғыш рет адамдардың өз мемлекеті үшін жұмыс істеуіне, кісі үшін емес, өзі үшін еңбек етуіне мүмкіншілік туды.

«Бұрын, — деді Ленин, — адамзаттың барлық ақыл — ойы, оның бүкіл даналық қаблеті тек біреулерді техника мен мәдениеттің барлық игілігіне кенелтуге, ал, енді біреулерді ең қажетті нәрседен — білімнен, өсуден айыруға қызмет ететін. Ендігі жерде техниканың барлық кереметі, мәдениеттің қолы жеткен табыстарының бәрі бүкіл халықтың дәулетіне айналады, сөйтіп, қазірден бастап адамзаттың ақыл ойымен данышпандық қаблеті зорлық кұралына, қанау кұралына ешуақытта айналдырылмақ емес. Біз мұны жақсы білеміз, олай болса, осы асқан зор тарихи міндет жолында жұмыс істеу керек емес пе бұл барлық күшті жұмсауға тұрарлық іс емес пе?» (Ленин, ХХІІ том, 225 бет).

Бұрын еңбек істеу қорлық, ауыр азап еді. Советтік социалистік елімізде еңбек аброй әперетін, атак шығаратын, батыр атандыратын іске айналды.

Партия мен совет үкметі еліміздің адал еңбекшілерінің ісін атап көрсетіп, оларға наград беріп отырады, еңбек майданында ерлік көрсетуді, игілікті бастаманың барлық түрін көтермелеп отырады. Совет елі өзінің таңдаулы ұлдарының, дене еңбегі мен ой еңбегінің таңдаулы адамдарының атағын шығарып отырады. Алдыңғы қатарлы кеншілер, егіншілер жөнінде, фабрикалардағы және егіс даласындағы ерлер жөнінде кітаптар жазылады, оларға ордендер беріледі, олар советтің өкмет билігі орындарына сайланады. Мысалы, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің қарары бойынша Ақтөбе облысындағы Ойыл ауданының «Кұрман» колхозының егіс жеріне қатардағы бір қазақ еңбекшісінің хұрметіне ескерткіш орнатылып отыр. Ол ескерткішке мынадай сөздер жазылған: «Бұл жерден Шығанақ Берсиев 1943 жылы тарыдан дүние жүзілік үздік өнім — гектарынан 1232 пұт өнім алды». Мұндай адамдарды бүкіл еліміз мақтан етіп, оларға хұрмет көрсетеді. Олардың тәжірибесі зерттеледі, олардың тәжірибесін үйреніп отырады.

Біздің кұрылыстағы әдісіміз, социалистік жарыс әдісі капиталистік бәсеке әдісінен мүлдем басқа.

Сталин жолдас былай деп жазған:

«Социалистік жарыс пен бәсеке біріне бірі мүлдем ұқсамайтын екі түрлі принцип. Бәсекенің принцибі: біреулердің жеңілуі және өшуі, енді біреулердің жеңуі және үстемдік етуі. Социалистік жарыстың принцибі: ЖАППАЙ өрлеу үшін алдыңғы қатарлылардың артта қалғандарға жолдастық КӨМЕК беруі. Бәсеке: өзінің үстемдігінді орнату үшін АРТТА ҚАЛҒАНДАРДЫҢ ТЫНЫСЫН БІТІР дейді. Социалистік жарыс: біреулер жұмысты нашар істейді, енді

біреулер жақсы істейді, тағы біреулер онан да жақсы істейді, — **ЖАҚСЫ ІСТЕУШІЛЕРДІ ҚУЫП ЖЕТ**, сөйтіп, жаппай өрлеуді көзде дейді». (Ленин — Сталин, Кәсіпшілер одағы туралы, 564 бет).

Сонымен жарыс пен бәсеке біріне бірі мүлдем ұқсамайтын екі принцип. Социалистік жарыстың ең маңызды айырмашылығы алдыңғы қатарлы адамдардың және кәсіп орындрының артта қалғандарға жолдастық көмек көрсетуі, сөйтіп, жұмыстың жаппай өрлеуін қамтамасыз етуі болады. Қала мен деревняда социализм құру, халық шаруашылығы жоспарларын орындау және асыра орындау жолындағы жұмыс тәжірибемізде мұндай ынтымақтылықтың, өзара көмектің тамаша үлгілерін көп кездестіреміз. Донбастың таңдаулы кеншілері Күзбас пен Қарағандының кеншілеріне еңбек ұйымдастыруда, өндірістің жаңа әдістерін меңгеруде, сөйтіп, бұл көмір кендерін барынша өркендету ісінде баға жеткісіз көмек берді. Тәжірибесі мол және жаңа техниканы меңгерген ысылған жұмысшылар, жақсы өндірісшілер өзінің өнерін он мыңдаған, жүз мыңдаған жаңа, жас жұмысшыларға асқан сүйіспеншілікпен, шын ниетімен үйретіп келді және үйретуде. Олар жұмысшы табының жаңа адамдары өздерімен бәсекеге түседі деп қауіптенбейді. Өйткені, совет стройында жұмыссыздық қауіпі мәңгілікке жойылған.

Ең басты өндіруші күш, біздің еліміздегі ең бағалы капитал жұмысшы табының өзі екенін совет стройы айқын көрсетті. Өндірістік жұмысқа неғұрлым көп адам белсене қатысса, солғұрлым еліміздің дәулеті, қуаты арта түседі, еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесі арта береді.

Миллиондаған еңбекшілер жарысты өзінің төл ісі деп санайтыны, жарыстың жаңа түрлері, еңбекті мейлінше өнімді істеудің жаңа үлгілері жоғарыдан берілген нұсқау бойынша басталмай, «төменнен» басталатыны, алдыңғы қатарлы коллективтер жаппай өрлеуге жетуді абройлы міндетім деп есептейтіні, міне, осыдан. Көмектесу және тәжірибе ауысу мақсатында алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен инженерлерді артта қалған фабрикалар мен заводтарға топ-тобымен жіберу бізде көп кездеседі. Өнеркәсіп орындарының МТСтарға, колхоздар мен совхоздарға қамқорлық жасауы да бізде кең орын алып отыр.

Біздің партия социалистік жарысқа дем беруші және оны ұйымдастырушы.

Сталин жолдас Микулинаның «Бұқараның жарысы» деген кітапшасына жазған кіріспе сөзінде жарыс большевиктердің жаңадан шығарған тағы бір айласы, оның өзі уақытша нәрсе деп есептейтін бюрократтарды қатты сынады. «Жарыс дегеніміз, деп жазды Сталин жолдас, — миллиондаған еңбекші бұқараның барынша **БЕЛСЕНЕ** қатысуы негізінде **СОЦИАЛИЗМ ҚҰРУДЫҢ КОММУНИСТІК ӘДІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ**. Шынында социалистік жарыс дегеніміз жұмысшы табы социализм негізінде еліміздің барлық шаруашылық және мәдениет өмірін өзгертуіне керекті **ТЕТІК** болып табылады» (Ленин — Сталин, «Жарыс туралы», 106-бет).

Социалистік жарыс еңбектің жаңа социалистік тәртібін үйретеді, еңбекке жанаша қарауды, оған аброй әперетін, даңқ шығаратын, ер атандыратын іс деп қарауды үйретеді.

Қоғамдық еңбекті ұйымдастырудың басыбайлылық тәсілінде тәртіп таяқ арқылы, ашықтан ашық жүргізілген зорлық-зомбылық арқылы орнатылатын. Еңбекті ұйымдастырудың капиталистік тәсілі адамдарды аштықта ұстау тәртібіне сүйеніп келді және сүйенуде. Ең алдыңғы қатарда деген капиталистік елдерде жұмысшы табының орсан көпшілігі «колы бос», жалданатын күл есебінде болады. Оларды ат төбеліндей капитал шонжарлары аяусыз қанап отырады.

Қоғамдық еңбекті ұйымдастырудың социалистік тәсілі еңбекшілер-

дің өздерінің еркін және саналы тәртібіне негізделеді. Бұл тәртіп барған сайын күшейе береді. Мұның мәнісі коммунизм орнатудың алғашқы сатысында қоғамның барлық мүшелері бірдей Отанның игілігіне еркімен, жан аямай еңбек етуге әзір болады деген сөз емес. Сондықтан да, совет мемлекеті еңбекке жаңаша қарауды үйретуге, жаңа еңбек тәртібін орнатуға барлық күш — мүмкіншілікті жұмсап күрес жүргізуді көздейді. Адамның санасындағы капитализм қалдықтарына қарсы күресті, еңбекке мемлекет мүддесі тұрғысынан қармаушылыққа қарсы күресті біз тек үгіт—көпшілік жұмысы арқылы ғана жүргізіп қоймай, сонымен қатар өнімді бөлудің «кім жұмыс істемесе, ол тамақ ішпейді» деген социалистік принцибін қатаң іске асыру жолымен де жүргіземіз. Мемлекеттік еңбек тәртібін ашықтан ашық бұзғандарды еліміздің жұртшылығы қатты сынап отырады, сонымен қатар ондайлар сотқа тартылады. Біздің қоғамымыз еңбекке мемлекеттік мүдде тұрғысынан қармау, социалистік көзбен қармау сыяқты жеке жағдайларды күшпен басып тастап отыруға ерікті. Елімізде алаңдар еңбек етуге праволы, сонымен қатар еңбек ету қолынан келетін әрбір адамның міндетті борышы болып табылады.

* *

*

Большевиктер партиясы бастаған жұмысшы табы социализм орнатушы еңбекшілердің әрқашан алдында болды және алдында болуда. Ол өзінің жан аямай істеген ерлік істері арқылы еңбекшілерді жаңа қоғамды орнатуға белсене қатысушылардың тобына қосып отырады.

Интервенттер мен ақгвардеецтерге қарсы күрес кезіндегі ауыр жылдарды еске түсірейік. Ол кезде зор күйзелушілікті және ашаршылықты жою үшін еңбек өнімділігін арттыруда үлкен өзгеріс жасау керек болды. Соғысқа байланысты және патша мен уақытша үкметтің топас басшылығының салдарынан туған даядарыстан шығу үшін жұмысшы табы еңбек майданында шын мәнісінде ерлік көрсету керек болды. РК(б)П Орталық Комитетінің жұмысты революциялық жолмен істеуге шақырған үндеуіне ол кезде темір жолдар мен өнеркәсіп орындарының көптеген коллективтері іспен жауап берді.

1919 жылы әуелі москвада, онан кейін еліміздің басқа қалаларында жұмысшы коллективтері КОММУНИСТІК СЕНБІЛІКТЕРГЕ шыға бастады. Мұның өзі сол кезде транспорт пен өнеркәсіп орындарында болған бүліншілікті жою жолындағы еңбекшілердің көпшілік қозғалысының бастамасы болды, социалистік жаңа еңбек әдісінің — социалистік жарыстың бастамасы болды.

1919 жылы 7-майда Москва — Қазан темір жолының коммунистері мен тілектестерінің жыйналысында бүкіл ауданда коммунистік сенбіліктер өткізілсін, онда жұмыс тегін істелсін, Қолжақты толық жеңгенге дейін күш-жігерді аянушылық болмасын деген қаулы қабылданды. «Правда» газеті 17 майдағы «Жұмысты революция жолымен істеу керек» деген мақаласында былай деп жазды: «10 майда, сенбі күні, кешкі сағат 6 да коммунистер мен тілектестер жұмысқа солдаттарша жыйналып, қаз-қатар тұрғаннан кейін, мастерлер оларды ешбір айқай — шусыз жұмыс істейтін орындарға таратты. Жұмысты РЕВОЛЮЦИЯ жолымен істеудің нәтижесі көзге көрінді».

Келесі сенбіліктерге қатысушылардың саны әлде — қайда көбейді. Москва — Қазан темір жолының коммунистері мен жұмысшыларының үлгісі бойынша еліміздің басқа кәсіп орындары мен темір жолдарының коллективтері де коммунистік сенбіліктер өткізе бастады.

Владимир Ильич Ленин бұл қозғалысқа өте жоғары баға берді. Ол кісі «Улы бастама» деген еңбегінде былай деп жазды:

«Бұл-буржуазияны құлатудан көрі де анағұрлым қыйын, анағұрлым мәнді, анағұрлым негізді, анағұрлым шешуші төңкерістің басы, өйткені, бұл — қарғыс атқан капитализмнің жұмысшы мен шаруаларға мұра етіп қалдырған, әркімнің өз басындағы икемсіздік, бетімен жайылушылық, ұсақ буржуазиялық өзімшілдік әдеттерін жеңу болады. Осы жеңу нығайғанда ғана, сонда, тек сонда ғана жаңа қоғамдық тәртіп, социалистік тәртіп жасалмақ, сонда, тек сонда ғана кейін капитализмге қайту мүмкін болмады, коммунизм нағыз жеңілмейтін болады».

«Жарысты қалай ұйымдастыру керек» деген мақаласында В. И. Ленин жарысты **ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ** қажеттігін баса көрсеткен. Қанаушыларға еріксіз еңбек ету орнына, өзі үшін еңбек ету тәртібін қолдану, қоғамдық көлемде жоспармен ұйымдастырылған, техника мен мәдениеттің жаңа табыстарының бәріне сүйенген еңбек тәртібін қолдану жұмысшы табынан, шаруалардан және олардың ұйымдарынан асқан зор ұйымдастырушылық жігерді талап етеді. Жарыстың күшті болуы, оның жеңіп шығуы оған партия мен кәсіпшілер одағы тарапынан болған басшылықтың дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Ленин басшы қызметкерлерден бүкіл дүние жүзілік маңызы бар игілікті іс істеп жатқан, бұл жолда саналы, ерікті, ерлік еңбек етіп жатқан қатардағы еңбекшілердің қамын көбірек ойлауды талап етті.

Дұрыс басшылық етілсе, социалистік жарыс он — он миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды еңбек өнімділігін мейлінше арттыру күресіне жұмылдырады. Еңбек өнімділігінің мұндай жоғары түрі капитализм жағдайында болмайды және болуы мүмкін емес. Еңбек өнімділігі, қорыта келгенде жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты шарт екенін Ленин ерекше атап көрсетті. «Еңбек өнімділігін арттыру үшін, — деп жазды Ленин, — ауыр еңбекті жеңіп шығатын **ҚАРАПАЙЫМ ЖАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ** жаңа аямайтын қамқорлығы туған жерде — міне, осындай жерде ғана коммунизм басталады» (XXIV том, 342 бет).

Сталин жолдас стахановшылардың бүкіл одақтық тұңғыш мәслихатында жаңа құрылыс — социализм тек еңбек өнімділігін мейлінше арттыру, оны капитализм тұсындағыдан анағұрлым жоғары сатыға көтеру негізінде ғана жеңіп шығады деп көрсетті.

Социалистік шаруашылық құру жылдарының бәрінде де біздің кәсіп орындарымызда еңбек өнімділігі үздіксіз артып отырды. Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарының өзі де төрт жыл ішінде орындалды. Дамудың қарқынын мұндай өркендетуге, ең алдымен, социалистік жарыс пен екіпінділікті кең өрістеткен миллиондаған жұмысшылар, колхозшылар мен инженер — техник қызметкерлер бұқарасының белсенділігі, жан қыярлығы, жігері, талабы арқасында ғана мүмкіндік туды.

Екінші Сталиндік бесжылдық кезіндегі тамаша табыстың бірі **СТАХАНОВТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ** жарыққа шығып, өркендегені болды.

Стахановтық қозғалыс біздің социалистік құрылысымыздың тарихынан оның ең бір даңқты кезеңі болып орын алып отыр. Бұл қозғалыс жаңа, жоғары техника негізінде, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер «Өз жұмысының техникасын толық меңгеріп, оны ерттеп, ілгері жүргізіп жіберген» (И. Сталин) жағдайында социалистік жарыстың жаңадан өркендеу сатысы болды. Стахановшылар өндірісте қолданып келе жатқан нормаларды өзгертіп, бірсыпыра реттерде капиталистік елдердің ең алдыңғы катарлы кәсіп орындарының қолы жеткен еңбек өнімділігі дәрежесінен әлде-қайда асып түсті.

Сталин жолдас асқан даналық болжағыштықпен стахановтық қозғалыстың біздің заманымыздағы ең игілікті ұлы істердің бірі екенін кө-

ре білді, ендігі жерде социализмнің өндіруші күшін өркендете беруде, жұмысшы табының мәдени — техникалық дәрежесін көтере беруде, социализмнен коммунизмге өту жағдайын жеңілдетіп, оны тездетуде бұл қозғалыстың алатын орнын айқын көрсетіп берді.

Ленин — Сталин партиясы бұл қозғалысқа бас болып, оның экономикамыз бен мәдениетіміздің құрылысында жаңалық туғызатын зор күшке айналуын қамтамасыз етті.

* *
*

Соғыс кезінде, жұмысшы табының, шаруалар мен интеллигенцияның советтік отаншылдығының жалынды күші мейлінше айқын көрінген кезде, социалистік жарыс бұрынғыдан да кең өріс алды. Партия мен кәсіпшілер одақтары басқарып, дем беріп отырған социалистік жарыс бүкілхалықтық қозғалысқа айналып, еліміздің облыстары мен аудандарының бәрін, халық шаруашылығының барлық саласын қамтыды. Он — он миллиондаған еңбекшілер бұл айбынды қозғалысқа барынша белсене қатысып келеді. Мысалы, Ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариатының жұмысшыларының, қызметшілері мен инженерлерінің 80 проценттен астамы социалистік жарысқа қатысты. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің ынта-жігері арқасында өндірісті жақсартуға қатысудың, өнімнің сапасын арттыру күресіне, өнімнің түсер бағасын арзандату, еңбек өнімділігін барған сайын арттыра беру күресіне қатысудың жаңа түрлері жарыққа шығып, кең өріс алды.

Аз жұмысшылармен, жұмысшылардың санын көбейтпей, іскерлікті арттыру арқылы халық шаруашылығы жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы күрес кең өріс алды. Майданға көмекке халқымыздың тапқыштық, іскерлік жөніндегі байлық қазнасының бәрі жұмылдырылды.

Өнеркәсіптегі жұмысшылар мен жұмысшы әйелдеріміздің едәуір бөлегі бірнеше станокті бір мезгілде басқаруға, өндірістің үздіксіз әдісіне және конвейер әдісіне көшті. Еңбек ұйымдастыруды бұрынғыдан да күшейте беруді, өндірістің технологиялық жұмыстарын жақсартып беруді, социалистік егін даласының өнімін арттыруды, малдың санын көбейтіп, өнімділігін арттыруды көздеген жаңалық ұсыныстар бірнеше мыңдап түсті және ондай ұсыныстар қазір де түсуде. Біздің білімпаздарымыз, инженер—техник қызметкерлеріміз, алдыңғы қатарлы жұмысшыларымыз техниканы, өндірісті ұйымдастыру ісін алға бастыруда. Отаншылдық сезім оларды осыған жұмылдыруда. Бірнеше мысал келтірейік:

Қузбаста профессор Чинокал көмір шығаруды күшейту жөнінде щит жүйесін ойлап шығарды. Бұл әдісті қолдану кең өрістеп, кеншілердің еңбек өнімділігі едәуір артты.

Дүние жүзінде тұңғыш рет бізде ірі бөлшектерді (станоктің қабырғасы сыяқты) өңдеп шығарып, жұмысты мейлінше өнімді істейтін станоктар агрегатының проекті жасалып, ол жұмысқа қосылды. Мұндай агрегат шет елдерден келтірілетін 23 ірі станоктің жұмысын атқарады, онда екі шебер және 10 көмекші жұмысшы істейді. Бұрын мұндай жұмыста 62 маман жұмысшы істейтін.

Соғыс кезінде 36 — шпидель станогі жасалды. Мұны жалғыз жұмысшы басқарады. Бұл жай станоктардың 30ның жұмысын атқарады.

Соғыс кезінде энергетикалық машина жасау өндірісінде котелдердің жаңа түрін өндіру ісі ұйымдастырылды. Бұл — дүние жүзілік техниканың ең көрнекті табысы. Бұл «Рамзин котелі» деп аталады. Оның артықшылығы мынада: оның құрылысы да оны басқару да оңай. Ол жарылып кетпейтін мықты және жұмысқа ете пайдалы. Онда қымбат және ауыр барабандар жоқ.

Көмір Өнеркәсібі Халық Комиссариатының бір топ инженері жаңадан өте күшті және қауіпсіз қолданылатын жарылғыш зат ойлап шығарды (ол белгілі мөлшерде тұз қосылып істеледі). Мұның өзі 1943 жылы 25 миллион сомды, 1944 жылы 50 миллион сомды үнемдеді.

Тагил стройдың инженері Хохлачев шлак — бетоннан тас жасап шығарудың технологиялық әдісін жақсартты. Мұның өзі цехта еңбек өнімділігін үш жарым есе арттырды.

Қарағанды көмір кенінің «Кировуголь»тресіндегі № 31 шахтаның инженер — механигі Макаров жолдас көмір комбайнын жасап шығарды. Бұл комбайн көмірді өзі қазып, оны өзі конвейерге түсіріп отырады.

Біз мұнда бірнеше ғана мысал келтірдік. Мұндай мысалды көп келтіруге болады. Міне, осының бәрі Ұлы Отан соғысы жылдарында өнеркәсіпте еңбек өнімділігін мықтап арттыруға мүмкіндік берді. Бүкіл одақтық социалистік жарыс ұйымдастырылған 2 жылдың ішінде еңбек өнімділігі бүкіл өнеркәсіпті тұтас алғанда орта есеппен 40 процент, ал, оның ең маңызды салаларында, мысалы, танк өнеркәсібінде 43 процент, авиация өнеркәсібінде 47 процент, оқ — дәрі жасау өнеркәсібінде 54 процент артты.

Большевиктер партиясы бұқараны жан аямай еңбек етуге жігерлендіріп, бүкіл халықтық қуатты социалистік жарыс ұйымдастырып, оны басқарып отырады, техниканы күшейту, өндірісті шыңдап, жетілдіре беру жолында алдыңғы қатарлы жұмысшылардың, шаруалардың, ғылым адамдарының игілікті қозғалысына барлық күшпен көмектесіп отырады. Өндірістерде, колхоздарда коммунистер социалистік тәртіпті берік ұстаудың, еңбекте ерлік көрсетудің үлгісін көрсетіп отырады.

* * *

*

Ұлы Отан соғысы жылдарында, Советтер Одағының әрбір еңбекшісінен майданға көмектесуге барлық күшті аянбай жұмылдыру талап етілген кезде Советтік Қазақстанның жұмысшылары, шаруалары мен интеллигенциясы бүкілодақтық социалистік жарыстан өзіне лайықты орын ала білді. Олар еңбек ерлігінің үлгісін көрсетті.

Мал дайындау орындарына қарайтын мекемелердегі мал бағушылар өткен жылы 1 миллиондай малды тиісті жеріне айдап жеткізді. Өзара жарысқа түсе отырып, олар алысқа мал айдау кезінде малдың жақсы бағылуын, оның күйінің жақсы болуын қамтамасыз етті. Сондықтан бұл айдау кезінде малдың тірілей салмағы 34 мың центнер артты.

Қазақстанның егіншілері көп колхоздар мен совхоздарда дәнді егістен бұрын-соңды болмаған жоғары өнім алды. Мысалы, 58 жастағы колхозшы Малдияр Абдырахманов (Қызылорда облысы) өз звеносындағы тары егісінің гектарынан 402 пұттан, күріш егісінің гектарынан 480 пұттан өнім алды.

Павлодар облысының Чернорецкі МТСның қызметкерлері тамаша өнеге көрсетті. 1942 жылы олар комбайнды моторсыз пайдалану міндетін алға қойып, бұған керекті жабдықтарды өздерінің күшімен жасап алды. Бұл тамаша бастаманы Павлодар облысының басқа МТСтары да іліп әкетті. Мұның өзі мемлекеттің он-он тонналаған аса бағалы жанар майын үнемдеуге жол ашты сонымен қатар моторларды жөндеуге жұмсалатын қаржыны, уақытты үнемдеуге, комбайндардың жұмысы өнімділігін арттыруға жол ашты. Кучерявий жолдастың комбайны 1943 жылы мың гектардай егін орып, 3 тоннадай жанар май үнемдеді.

Жер Халық Комиссары павлодарлықтардың бастамасын мақұлдап, арнаулы бұйрық шығарды, МТСтың бірсыпыра қызметкерлерін награда ұсынды. Қазір Советтер Одағының МТСтарында неше мыңдаған комбайнды моторсыз пайдалануға көшіру шаралары қолданылып жатыр.

Қазіргі кезде ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына байланысты және осы жеңіс жөнінде 1945 жылғы 9 майда Сталин жолдастың халыққа арнаған тарихи үндеуі мен бұйрығына байланысты республикамыздың колхоздары мен совхоздарында, кәсіп орындарында еңбек өрлеуі ерекше күшейіп отыр. Республикамыздың еңбекшілері Қазақ ССРның 25жылдық мерекесіне асқан белсенділікпен әзірленуде. Мемлекеттік жоспарларды мерзімінен бұрын және асыра орындау жолындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс барған сайын өрістеуде. Алматының Киров атындағы заводдың жастардан кұралған слесарьлар бригадасы мүшелерінің жеңіс цифрлары күн сайын үлгі көрсеткіш тақтаға жазылып отырады. Олар норманы 300 — 400 процент орындайды.

Социалистік міндеттемені орындау жолындағы бүкіл халықтық күресте қазірдің өзінде бірсыпра табыстарға қол жетіп отыр. Мысалы, Ленгердің кеншілері жоспардан тыс мың тонналаған көмір шығарып отыратын болды. Коммунист Котельников жолдастың учаскесі 1945 жылдың бірінші тоқсанында жоспардан тыс 1.700 тонна көмір шығарды. Арыс станциясының поезд жүргізушілері осы жылғы мартта ұзақ сапарға баратын 10 поезде жоспардан тыс жыйнастырып, жөнелтті. Оңтүстік Қазақстан облысының 1 май МТСның тракторшылары дөңгелекті трактормен күн сайын норманы 2 — 3 есе асыра орындап отырады.

Республикамыздың барлық жерлерінен социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерді орындау жөніндегі жаңа табыстар туралы хабарлар түсуде.

1945 жылғы 8 апрелде Қызылорда қаласының 10.500 жұмысшысы мен қызметшісі, мыңға тарта колхозшысы, Сырдария өзенінен орасан зор гидротехникалық бөгет кұрылысын жасауға, электр станциясын салуға шықты. Бұл кұрылыс аяқталса, облыстың суармалы жерінің қоры 8000 гектар артады, облыстың өнеркәсібі электр қуатымен толық қамтамасыз етіледі. Бұл жексенбілік халық мерекесі ретінде өткізілді. Социалистік жарыс әдісін кеңінен қолдана отырып, Қызылорда еңбекшілері республикадағы бұл аса көрнекті және өте маңызды кұрылысты мерзімінен бұрын аяқтауға жұмылуда. Бұл кұрылыста становшылар саны күннен күнге артуда.

Бірақ, бұл тек алғашқы табыстар. Республикамыздың еңбекшілерін 1945-жылы халық шаруашылығында алдымызға қойылып отырған міндетті орындауға жұмылдыру жөнінде әлі көп ұйымдастыру, көпшілік-саясат жұмысын жүргізуіміз керек. Советтік Қазақстанның 25 жылдығын лайықты табыспен қарсы алсақ, мұның өзі социалистік мемлекетімізді бұрынғыдан да нығайта беруге қосылған зор үлес болады.

Барлық күш мерекені осындай зор табыспен қарсы алуға жұмсалсын!

Қазақтың даңқты ағартушы-ақыны Абай Құнанбаев

М. Сильченко

Ағартушы — ақын Абай Құнанбаевқа қазақтың жаңа әдебиеті мен әдеби тілінің негізін салушы деген атақ орынды берілген. Қазақ халқы өзінің классик ақынын әрі сүйеді, әрі жоғары бағалайды. Абайдың тірі шағында-ақ оның ақылына, жәрдеміне ділгер болғандардың бәрі: «Абай аға, Абай жан!» деп атаған еді.

Ақынды анасы Ұлжан өте қадірлеп, өте сүйгендіктен, оған Абай деген есім қойды. Сондықтан да ел ішінде Ыбырайымнан көрі Абай деген есім көп тарады. Абай 1846 жылы Тобықты ішінде, Құнанбай аулында туды. Бірақ, Абайдың есі кіре әкесінің үй-ішінде көргені: ынтымақсыздық, өсекшіл, біріне бірі тіл тигізу болды. Алайда, Абайдың жас көңілін анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің мархабаты жұбатты. Ұлжан баласын мейірманды, ақкөңіл, ақжарқындыққа баулыса, әжесі Зере халықтың ертегі, әңгімелерін айтып, немересінің көкейіне кұйды. Абай екі ананың арасында «Тел-қара» атанды.

Абайды 10 жасында әкесі Семейдегі Ахмет-Рыізаның медресесіне оқуға берді. Ол ескіше оқытатын медресе еді. Шәкірттер араб тілін үйреніп, құранды жаттайтын, бес уақыт намаз оқыйтын. Бірақ медресе оқуына Абайдың көңілі толмай, тым жас кезінен-ақ Шығыс классиктерінің поэзиясына қызығып, Фердауси мен Низами өлеңдерін оқыды. Шығыс ақындарына еліктеп Абайдың шәкірт кезінде жазған өлеңдері осы күнге дейін сақталған. Абай медресе ережесін бұзып, орыс мектебіне түсті. Бірақ, Құнанбай Абайды ел билеуге ертерек баулу үшін оқудан шығарып алды. Абай ауылға келген соң, әкесі оны қыйын-қыйын дау-жанжал мәселелеріне, ағайын арасындағы талас-тартыс сөздерге араластырды. Табиғат мол талант берген Абай қара сөзге дес бермей, халық ауызына ілінді.

Бірақ, осы кездің өзінде-ақ Абай әкесінің төңірегіндегі адамдармен араласып қана қоймай, кедейлермен де, халықтың жыршы ақындары мен де араласады. Ел арасында: Абай Қуандық деген ақын қызбен айтысты деген аңыз да бар.

Абайдың әке жолына қайшы келуі де талай тебіреніске соқтырды. Ескі-феодалдық өмір Абайдың жанына барған сайын баға берді: әділетсіздік, атаққұмарлық, өтірік-өсек, томырық, каталдық дегендер Абайдың жанын түршіктірді. Абай мен әкесі Құнанбай арасында күрделі-күрделі керістер болып екеуі айрылысуға дейін барды. Абай бұл кездерде 27 жастағы жігіт еді.

Абай адамгершілікпен ақыл таянышына елдегі өзінің ақын достары мен орыс революционер интеллигенциясы арасынан тапты. Абайдың Семей қаласында Н. Г. Чернышевскийдің жолын ұстаған саяси жер аударылған адамдармен кездесіп дос болуы, орыстың қоғамдық алдыңғы идеясымен, ғылымдарымен, классик әдебиеттері мен танысуына себепкер болды.

Бұл достықтың маңызын Семейге жер аударылған Е. П. Михаэлис туысқандарының қолына түскен орыс географиялық қоғамының Солтүстік-Батыс бөлімінің 1929 жылғы 28 октябрьдегі пікірі тамаша етіп көрсетеді. Бұл пікірде: Е. П. Михаэлис «Қазақ сахарасынан қазақ ақыны Ыбырайым (Абай) Құнанбаев деген өте ірі талантты ақын тапты, оны

Михаэлистің өзі бірнеше жылдай баулыды. Соның арқасында қазақ халқы Құнанбаев сыяқты тамаша ақынға ие болды. Оның талантты төл шығармалары мен аудармаларын (Крылов мысалдарын, Пушкиннің бірсыпра шығармаларын қазақ тіліне аударған) бүкіл сахара оқыды» деп жазылған.

* * *

Абай өзінің жан азығы — поэзияға 35 жасында кірісті. Бұған дейін Абай көп өмір тәжірибесін алып, белгілі көз қарасқа келген еді. Сол кездің өзінде-ақ Абайдың әрбір тарақ қағазға жазып жүрген өлеңдерінің терең мағналы, жұп-жұмыр сұлулығы тыңдаушылар мен оқушыларды таңғалдырушы еді.

Абайдың 80-жылдарда жазған өлеңдері сол кезде қазақ даласында қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды батыл көрсеткен еді.

Абайдың бертін келе жазған шығармалары ақынның прогресшіл идеялары мен тілегін жарыққа шығару болды. Кәшпелі ауылдағы тұрмыс пен әлеуметтік қарым-қатынастардың шындығын сынап шебер көрсеткен ақынның алдыңғы қатардағы осы идеялары қазақ халқының тарихи бет алысын білдірген еді.

XIX-ғасырдың екінші жартысында, Шортанбай бастаған қазақ ақындарының тобы, «Зар заман» әдебиетінің өкілдері, қанаушы байлар мен патша отаршылдарын сынап тамаша өлеңдер шығарды. Бірақ, Ислам философиясының софизм тұрғысында тұрған бұл ақындардың ой өрісінің шағындылығы XIX-ғасырда Қазақстанда болған тарихи ахуалдың қиын түйіндерін көріп, түсінуге және қазақ даласына кіріп келе жатқан орыс мәдениетінің прогресшіл ролін бағалауға мұршаларын жеткізбеді.

Абай арнасы бұлардан-басқа жол алды. Ақын өз түсын сынағанда жаңа өмірге жұртты қоса шақырды. Қоғамдық тұрмыстың қиын түйіндерін, қым-қыйғаш қайшылықтарын айыра білуге, сөйтіп, сол XIX-ғасырдың екінші жартысында орыс халқы берген жақсы, жаңа өнегелерді үйренуге шақырды. Абай өзінің өлеңдерінде бір жағынан патша чиновниктері мен отаршылдарының, екінші жағынан орыс халқының шын уәкілдерінің арасын ашық көрсетіп отырған. Абай өзінің 1887 жылғы бір өлеңінде Салтыков-Шедрин мен Лев Толстойды орыс халқының мәртебесі деп жырлады.

Ыждағатсыз, Миканатсыз,
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа еңсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтады,
«Жамап бол» деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват?
Я Семейдің қаласы,
Я қазақтың аласы.
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
«Болсам» деген бәрінде ой.

Бұл жерде, XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым, әдебиет, мақала сөздер арқылы орыстың қоғамдық алдыңғы пікірлері Ресей халық-

тары мен орыс халқының бірін-бірі ұғысуына көп еңбек сіңіргенін көреміз. Орыстың әдебиетшілері мен ғалымдары Украина, Белоруссия, Грузия, Татар, Өзбек және басқа халықтардың интеллигенциясын бірінғай ғылыми-әдеби мықты достық жасауға тапта отырып, «бұратана халықтар» мен орыстар арасына патша үкметі салған ұғыныспаушылық, алшақтық шегін қыйрағты.

70—90 жылдар арасында орыстың географиялық қоғамының «ғылыми хаттарында» тарих қоғамының «Известиясында», археология, этнография және басқа баспаларда түрікті зерттеуші орыс ғалымдарының еңбектерімен қатар Ыбырай Алтынсарин, Әбубәкір Дыуаев, А. Сейдали сияқты қазақ оқымыстыларының да шығармалары мен мақалалары басыла бастады.

Г. Н. Потанинның 1889 жылы басылған «Европаның орта ғасыр эпосындағы шығыс үндері» деген еңбегінде қазақ ауыз әдебиетіне (фольклор) едәуір көңіл бөлінген. Шығысты зерттеуші ірі ғалымдардың бірі В. В. Радловтың сан алуан еңбектері де қазақ халқының тұрмысын, тілін, эпосын және этнографиясын зерттеуге арналған. Оның «Түрік руларының халық әдебиетінің үлгісі» деген еңбегінің III-томында қазақтың эпос шығармаларының негізі жыйналған. Сол сияқты қазақ халқының өткен дәуірін үйренуге В. В. Радловтың «Түрік үстеулеріндегі сөздіктің тәжірибесі» және «Алтайда тұрушылардың мифологиясы мен дүниеге көз қарасы» деген еңбектерінің үлкен маңызы бар.

Орыстың қара сөз жазған романиштылары Н. Н. Казарин, Д. Н. Мамин-Сибиряк, В. Г. Короленкелер де қазақ сақарасын әр жағынан алып тұрмыс түрін, әдет-ғұрпын, дін-сенімін, ертегі әңгімелерін сөз қылды. Қазақ халқын ағарту туралы күнделікті баспа сөздерде қызық-қызық мақалалар жазылды. 1897 жылы «Отан ұлы» (185-санында) көшпелі ауылда жазды күні орысша және қазақша хат танығысы келгендерге арнап Жолдасов деген мұғалімнің мектеп ашқанын жазды.

1887 жылы Ыбырай Алтынсарин «қазақ мектебі үшін орыс тілінің әліппесін» жеке кітап етіп бастырып шығарды. Л. Толстой әңгімелерінің үлгісімен шағын-шағын әңгімелер жазды. Пушкин сарынымен сыршыл өлеңдер жазып, Крыловтың мысалдарын аударды.

Орыс, қазақ ғалымдары мен ағартушыларының бұл жемісті еңбектері патша үкметінің орыстандыру саясатына қатты соққы болып тиді.

* * *

1886 жылы жазды күні Абай 40 жасында «Жаз» деген өлеңін жазды. Осы өлең арқылы Абай бірінші рет өзінің жазушылық атын да көрсетті.

«Жаз» өлеңін Абай ел жайлауда отырғанда, Баханас бойында, шілденің шыжып тұрған кезінде, сұлу табиғаттың ортасында отырып жазды. Ақынның бұл өлеңінде кілемдей күлпырған шалғын көк шөпті, жүпар исі аңқыған гүлдерді, сарқырап аққан өзенді, топ-тобымен сұңкылдап ұшқан үйрек, қаз бен аққуды және олармен қосылып ән салып үйтігіп жүрген қыз-келіншектерді нәзік түрде суреттеуі Абайдың шеберлігін көрсетеді. Сол төңіректегі көріністе Абай қаламына ілінбей қалған сурет жоқ. Байлығы мен салтанатына мәз болған бай мал басынан ауылына қайтып, қонақтарына қонағасы беріп, көңілді қызу әңгімелесуі, «ег әпер деп қыңқылдап» тұрған балаға дейін, жарқ етіп қаз ілген қырандарға дейін, соған мәз болып қарқылдап күліп тұрған ақсақал шалға дейін, байға жағымпазданып — малды ауыл қасына топырлатпай әрі қайыр — деп малшыларға ұрысқан шалға дейін Абай қаламының суретіне түсіп қалған.

Абай көргенді тізе бермейді. Керегін алып, келістіріп суреттейді. Өзі сыршыл ақын болған соң өзгені де өзімен бірге балқытып әкетеді.

Оның өлеңінен бірде әсем табиғатты, ажарлы адамдарды көріп масаттансаң, бірде салпылдаған жылқышыны, қыңқылдаған баланы, қаңқылдаған шалды көріп тоқырайсың.

Табиғатты сыршылдықпен суреттеу Пушкин, Лермонтов және Некрасовта қандай бай болса, Абайдың өлеңдерінде де — жаз, күз, қыс, жазғытұрым жырларында — сондай бай. Абай өлеңдеріндегі жылдың төрт мезгілінің өзі қазақ әдебиетіндегі үлкен жаналық. Пушкин сарынымен сол тақырыптарға жазған Алтынсарин өлеңдерінде көбінесе жарқын жүзді өмірді және ұлы орыс ақынының ерте кездегі лирикадағы оптимизмін суреттеумен қатар мифологиялық үндер жатса, Абай өлеңдерінде табиғатты сыршылдықпен суреттеу арқылы сын-реализмінің сарыны айқын естіледі. Абайдың Пушкинмен жақындасуы, Белинскийдің пікірінше — орыс тұрмысының энциклопедиясы — деген «Евгений Онегин» романын аударған дәуірі еді. «Жаз» өлеңін жазғаннан бір жыл кейін, «Қыс» өлеңін жазардан бір жыл бұрын Абайдың қазақ әдебиетіне Онегин мен Татьяна тұлғаларын қосуы да жоғарғы пікірімізді толықтыра түскендей.

Шығыс поэзиясынан толып жатқан үлгілер мен өрнектер алуға әбден мүмкіншілігі бар Абайдың жолына орыс поэзиясының күні — Пушкин нұр болып кұйылды. Абай «Евгений Онегин» романын тереңдеп аударуға кіріскен сол 1887 жылдың өзінде де Масғұт дастанына бір соғып кетті. Бұл, әрине, Абайдың шығыс әдебиетінде де мүмкіншілігі мол екендігін көрсетеді. Мұның түбі қайдан шыққаны мәлім болмағанмен, желісі мен өрнектері Гаруин-Әл-Рашид дәуіріндегі осындай аңыздарға бай Бағдатқа соғып кетеді. Екінші сөзбен айтқанда, араптық бай әдебиетіне барып тоқтайды. Абайдың Фердауси мен Низамиге еліктегенін жоғарыда айтқамыз. Бірақ, орыстың анағұрлым озық мәдениеті мен әдебиетіне қоян-қолтық келіп қалған XIX-ғасырдағы қазақ ақынына шығыс әдебиеті толық жауап бере алмады да, көңілін көншіте алмады.

Д. М. Львович өзінің «Қазақ сахарасында» деген очерктерінде (II-т., 1914 ж. 109 бет). Торғай елінде «Татьяна хатын» қазақ тілінде алғашқы рет қалай естігенін айтады. «Татьяна хатын» Абылай деген ақын айтқан. Бірақ Пушкиндікі екенін, оны қазақ еліне Абай таратқанын Абылай білмейді екен дейді. Д. М. Львович былай дейді: «Пай-пай!» сөзі ай десенші! Шынын айтқанда, басында өз құлағымға өзім сенбедім. Ойлап қараныздаршы, карт киргиздің (бұрын қазақты «киргиз» дейтін еді) айтып отырғаны... Татьянаның Онегинге жазған хатының дәл өзі... Абылайдан мен бұл өлеңді шығарған кім? деп сұрадым. Оның айтуынша өздерінің бір «өлеңшісі» шығарыпты-мыс. Оның шын авторы кім екенін ол білген де емес».

Өзінен бұрын өткен қазақ ақындарынан Абайдың айырмасы сол, Абай орыс классиктерінің жолына түсті де, өзінің ақындық шығармасында адамның ішкі дүниесіне бойлап, қуанышы мен қасыретін қолға алды. Ескіден қайтып жанаға бой ұрған адам жанына өз жырауын Абайдан тапты. Сөйтіп, Абайды қазақ романының атасы деп таныған болсақ, оны махаббат дүниесінің жана лирикасын жасаушы деп те тануымыз керек. Абайдың бұл лирикасының негізгі желісі тек махаббат пен қызғану ғана емес, сонымен қатар мұнда достық та, шын ықыластық та, адамгершілік те, әділеттік те бар. Абайда махаббат дүниесінің лирикасы әлеуметтік пікірмен ұштасып жатады. Тіпті қай уақыт болсын, Абайдың жалғыздық зарын тартқан 900-жылдардың өзінде де, Абай лирикалары өмірге ынтық болып тұрады. Адамды алға сілтеп, ойынды оятып, сезімді шақырады. Абайдың лирика екіні қазақ ақынын орыс поэзиясымен ұштастырады.

Абай шығармаларында ақынның өзін, өз жан толқынын сыршыл тұлға етіп көрсететін өлеңдер барған сайын басым бола береді. Абайдан бұрын қазақ әдебиетінде болмаған романс және сонет болмаса

элегия түріндегі өлеңдер шықты. Мысалы: «Ғашықтың тілі — тілсіз тіл» деген өлеңдер сыяқтылар еді.

Мен сәлем жазамын,
Қарағым қалқама,
Қайғыннан азамын
Барушы айтама?!
Күн бойы күтемін,
Келер деп хабарың.
Қайғырмай не етемін,
Көзде жоқ назарың!

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым!

Абайдың арқасында М. Ю. Лермонтовтың: «Еврей зары», «Ой», «Қанжар», «Өсиет», «Жолға шықтым бір жым-жырт, түнде жалғыз»; «Теректің сыйы», «Жартас», «Демон», «Вадим» (Қысқартылған түрі) және басқа өлеңдері аударылып қазақ әдебиетінің қорына қосылды.

Абайдың ат қоймай жазған көп өлеңдерін «Ой» деп атауға болар еді. Лермонтовтың ұрпақ алдындағы жауапкершілік деген тақырыбы, адамға деген артықша махаббаты, бойына сыйғызған «зары» да, өз заманының адамдарын аямай сынау да Абайдан ылғый табылып отырады.

Абай 1898 жылы И. А. Крыловтың: «Емен мен Шілік», «Есек пен бұлбұл», «Жарлы бай», «Қарға мен түлкі» (екі түрі), «Шырылдауық шегіртке», «Ала қойлар», «Піл мен қанден», «Бақа мен өгіз» және басқа мысалдарын аударды.

Қазақтың ағартушы ғалымдары Крылов мысалдарын тауып бағалаған. Ыбырай Алтынсарин Крылов мысалдарынан аударғандарын қазақ балаларына арналған оқу кітабына кіргізген. Абайдың замандастары: Абайдың мысал өлеңдерге тәрбиелік үлкен маңыз бергенін айтады. Жазды күні үй көлеңкесінде, қысты күні дөңгелек аласа стөлдің айналасына кәрі, жасы жыйналып, Абайдан Крыловтың мысал өлеңдерін тыңдайды екен. Абайдың немересі, Мағауыяның қызы Уасилә: атам орыс ақындарының өлеңдерін айтқанын тоғыз жасымда естіген едім, дейді.

Крылов мысалдарын ауызекі таратуға Абайдың аударманы қалай жасауы да себеп болған сыяқты. Мысалдардың идеялық пікірін, ерекшелігін, теңеу мәнін сақтай отырып, Абай өзінің аудармаларына қазақ тұрмысының түрлері мен қазақ сөзінің ерекшеліктерін көп жерлерде қосып отырған. Крылов Лафонтеннен алған «Шаруа мен ажал» деген мысалға орыс тұрмысының: «Жая басынан алынатын алым», «Оброк», «Барщина» сыяқты шындықтарын қосқан болса, Абай да Крыловтан аударған «Есек» деген мысалда: алаң, огород орнына жүк артқан түйе керуені мен алтын артқан есекті суреттейді. Арқасында алтын тұрғанда жұрттың бәрі есектің есендігін тілеп, атын Жаппарқұл мырза, қойын қадірледі. Алтынды жеткізіп алғансоң, есекті өкпеге тепкілеп қара жұмысқа салады.

Абай кейде мысалдарды тереңдетіп, кейбір пікірлерін күшейте түсіп, сықақты дала тұрмысындағы әлеуметтік кемшіліктерді, яки қазақ феодалдары мен молдаларды әшкерелеуге жұмсайды. Мысалы, «Емен мен шілік» мысалында менмендік пен пандықты діни — мұсылман ұғымынша қызық етіп көрсетеді.

Сөйтіп Абайдың арқасында жер жүзі әдебиетінің тым ескі заманнан келе жатқан әрі өте көп тараған жаныры — мысал өлеңдер орыстың

ұлы мысалшысы Крылов жасаған жаңа түрінде қазақ әдебиетіне келіп қосылды. Мысалдар мен бірге реалистік поэзияның, кейіпкер шығаратын, сын — реалистігін жасайтын поэзияның бағыты туды. Мұны бастаған да жанашыл Абай еді.

1896 жылы Абай «Ақын» деген өлең жазды. Мұның өзі көркем әдебиеттің маңызы мен алатын орнына классиктің көз қарасын білдіретін өлең еді. Абай көркем сөздің ұсталарына қазақ халқы арасына көп таралған белгілі АҚЫН атағын тақты. Бірақ, ақындық дегенге — Абай жаңа мағна берді. Абай өз шығармасында прогресшіл идеямен нық байланысты, өз халқын ілгері бастайтын ақынның тұлғасын жасады. Ақын — шындықтың жаршысы, шындық жеңу жолындағы қаһарман, бүкіл халық мүддесін жырлаушы — деді. Поэзия жеке адамның, күштілердің-сыбағасы емес, бүкіл ұлт игілігі. Сөйтіп, осы өлеңінде және басқа өлеңдерінде Абай ескі ақындарды — поэзияны күнкөрістің қаруына айналдырған, әркімге арнап мақтау өлең айтып, сөз қадірін кетіргендерді қатты сынады. Сонымен қатар ол қалық қазынасын — қалық сүйген өлеңді, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін», сап алтындай, қуаты күшті сөзді ту көтерді.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Абай мағнасыз поэзияға, даурыққан құр айқай — ермекке мүлде қарсы

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ — барды ертегіні термек үшін,
Көкірегі — сезімді, тілі — орамды,
Жаздым үлгі — жастарға бермек үшін,
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық сергек үшін.

Абай ауыл, ру, жүз шегінен аса сермейтін ұлттық әдебиетті жақтай отырып, өзінің барлық шығармасында әдебиеттің алатын орны туралы Пушкиннің «Пайғамбар» деген, Лермонтовтың «Қанжар» деген, Некрасовтың «Ақын мен азамат» деген жырларында айтылған бүкіл адам баласына арналған ұлы пікірге кұлаш ұрады.

Абайдың ақын аты әлде қайда алысқа тарады. Ел-елдің арасында аңыз болып, алыс аудандар мен уездердегі қазақтар Абайдан ақыл сұрай, көмек сұрай келгені әлі күнге айтылады. Саяси жер аударылған Михаэлис, Долгополов және басқалары Абай ауылынан ғана ақжарқын достық тапты.

Абайдың даңқы, беделі байлар мен патша полициясының мазасын алады. Абайды алван-алуан өсекке танды. Абайдан туған-туысқандарын шошытты. Достарын Семей облысының алыс аудандарына жіберді.

Душпанмен алысу, жақын адамдарынан айрылу ақын жүрегіне жара салады. Оның үстіне ұлы — Әбдірақман өліп, Абайды қан жылатты. Оның артында ұзамай-ақ жақсы көретін ұлы, әрі Абай үлгісін үйреніп жүрген шәкірті — Мағауыя қайтыс болды.

Сөйтіп, өз өмірін халқына арнаған ұлы ақынның соңғы алған сыбағасы — қайғы мен қасырет, кұлазыған жалғыздық болды. Ақыры 1904 жылы алпыс жасқа шығарында Абай қайтыс болды.

Абай өлген соң, бес жылдан кейін, 1909 жылы Петербурда оның қазақша тұңғыш жыйнағы шықты. Бірақ, Абайдың шығармалары бұған толық кірген жоқ еді. Абайдың бұрын ауызша яки қолжазба мен таралып жүрген өлеңдері енді ғана қалың оқушының игілігіне айнала бастап еді. Бірақ, Абай шығармалары тек совет үкметі тұсында ғана,

қазақ халқының мәдениеті өсу арқасында ғана оқушыларға толық таралып, ақын мұрасы кең өріске шықты. Тек қазақ халқы арасында сақталып келген Абай шығармалары орыс тіліне аударылуы арқылы бүкіл Советтер Одағындағы халықтардың әдебиет қорына қосылды.

* * *

Өз аты орыс пен қазақ халқының айнымас достығының бейнесі болған Абайдың туғанына быйыл, 1945 жылы жүз жыл толады. Абайдың өмірі мен шығармалары — совет әдебиеті мен көркем өнер шеберлеріне жігер беретін қайнар бұлақ. Даңқты ағартушы ақынның тұлғасы совет жауынгерлеріне неміс-фашист басқыншыларға қарсы қаһармандық күресте ылғый рух беріп отырды. Қазақтың жаңа әдебиетінің атасы — Абайдың асыл шығармалары халқымызға, социалистік отанымызға әлі де қызмет ете бермек.

МАЗМУНЫ

	<i>Беті.</i>
Жоғарғы бас қолбасшының бұйрығы. 1945 жылғы 1 май № 20 Москва қаласы	1
Жоғарғы бас қолбасшының бұйрығы. Қызыл Армия әскерлері мен Соғыс—Теңіз Флотына 1945 жылғы 2 май № 359	4
Германияның қарулы күшінің сөзсіз тізе бұғуі туралы жасалған актіға қол қойылды. Соғысты тоқтатып, тізе бұғу туралы акт. 1945 жылғы 8 май Берлин қаласы.	6
9 май күнін ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ деп жариялау туралы ССРОдағы Жоғарғы Советі Президиумының указы. Москва, Кремль, 1945 жылғы 8 ай.	7
И. В. Сталин жолдастың халыққа үндеуі.	8
Жоғарғы бас қолбасшының бұйрығы. Қызыл Армия әскерлері мен Соғыс — Теңіз Флотына. 1945 жылғы 9 май, № 369.	9
Қызыл Армия әскерлерінің қол басшыларының кұрметіне Кремльде қабылдау мәжілісі.	10
И. В. Сталин жолдастың сөзі	13
Басмақала. — Тарихи ұлы жеңіс	15
Ф. Сафонов — Владимир Ильич Ленин — большевиктер партиясы мен Совет мемлекетін орнатушы	22
М. Морозов — «Қазақ ССРның тарихы» туралы	32
М. Беленов — Социалистік жарыс туралы	41
М. Сильченко — Қазақтың даңқты ағартушысы — ақыны Абай Құ- нанбаев	49



Шығарушылар алқасы:

М. Әбдіқалықов.	(редактор)
М. Жуланов	
Н. Заленский	
Б. Степанов	
Ф. Сафонов	
Н. Сауранбаев	
Н. Тимофеев	

303914

„Қазақстан Большевигі“ № 4 — 5.

Подписано к печати 9/VIII 1945 г. УГО1650. Издательский № 125.
Объем 3,5 п/л. Уч.-авт. листов 5,25. Тираж 7000. Цена 1 руб.

г. Алма-Ата. Гостипография № 1. Заказ № 603.